



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ



ТӘУЕЛСІЗДІККЕ
ТАҒЫМ

2

КАТАР-2022



АРГЕНТИНА – ҮШ
ДҮРКІН ӘЛЕМ
ЧЕМПИОНЫ

8

ТҰЛҒАТАНУ



ҚАЗАҚТЫҢ
ДАРАБОЗЫ

10

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

20.12.2022

Түнде:



-5-10 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



-2+3 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

21.12.2022

Түнде:



-5-10 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



-2+3 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақытта қар.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №150-151 (6286) 20 желтоқсан, сейсенбі, 2022 жыл.

МАРАФОН

АЛМАТЫДА ҚОНАЕВТЫ ЕСКЕ АЛУ МАРАФОНЫ ӨТТІ



18 желтоқсанда Алматыда Дінмұхамед Қонаевты еске алуға арналған марафон өтті. Марафон салауатты өмір салтын насихаттау, адамдардың күнделікті өміріне денсаулық пен спорт негіздерін енгізу мақсатында ұйымдастырылды.

8

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

АВТОБУСТАР ЖАҢАРАДЫ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында 20 желтоқсаннан бастап бірнеше бағыттың автобустары жаңарады. Бұл күнделікті жұмысқа қоғамдық көлікпен қатынайтын қала тұрғындары үшін жақсы жаңалық екені сөзсіз.

5

ҚЫСҚА...

- Қазақстанда 2023–2025 жылдар арасында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 400-ден аса мектеп салынады.
- Парламент регламентіне өзгерістер мен толықтырулар қабылданды.
- 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап Мәжіліске заң қабылдау құқығы беріледі.
- 25–30 желтоқсан аралығында Алматыдағы Балташ Шығар атындағы спорт сарайында шахматтың рапид және блиц түрлері бойынша кезекті әлем чемпионатының жалауы желбірейді.
- 2023 жылдан бастап шетелдіктер Алматыда туристік төлем төлейтін болады.
- Алматыда суретшілердің республикалық симпозиумы басталды.
- «Асыл мұра» аясында тарихи ескерткіштер туралы кітап жарық көреді.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006



ӘКІМ

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАҒЗЫМ

Алматыда мереке күні Тәуелсіздік монументіне гүл шоқтары қойылды

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Тәуелсіздіктің 31 жылдығына орай «Тәуелсіздік» монументіне салтанатты түрде гүл шоқтарын қойды.

Досбол
АТАЖАН

Салтанатты рәсімге қала тұрғындары, ардагерлер, қоғамдық ұйымдардың, этномәдени бірлестіктердің өкілдері, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғаларына қатысушылар қатысты. Іс-шараға қатысушылар мемлекеттің тәуелсіздігі жолында өз өмірлерін қиған баатырларды бір минут үнсіздікпен еске алды.

Салтанатты рәсім Алматы өңірлік гарнизоны әскери-үрмелі оркестрі мен сарбаздарының Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауымен аяқталды.



«ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҢЫ»



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫНЫҢ ҚҰРБАНДАРЫН
ЕСКЕ АЛУ ШАРАСЫ ӨТТІ

Алматы қаласында 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының құрбандарын еске алу шарасы өтті. Жылдағы дәстүр бойынша «Тәуелсіздік таңы» монументіне гүл шоқтары қойылды.

Айнұр
СЕНБАЕВА

Салтанатты іс-шараға қала әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев, Желтоқсан оқиғасына қатысушылар, қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты. Монумент жанында жиналған қауым тәуелсіздік жолында жанын берген жастарды бір минут үнсіздікпен еске алды. Дін өкілдері марқұмдардың рухына арнап Құран бағыштады.

Айта кеткен жөн, 16 желтоқсанда Тәуелсіздік монументіне гүл шоқтарын қою рәсімі өткен болатын. Қазақ халқының бостандыққа жету үшін талай қиындықтардан өткендігі, азаттық жолында ата-баларымыз жанқиярлықпен күрескені баршаға аян. Осыған байланысты ұлт санасын дүр сілкіндірген және қоғамды алға жетелеген Желтоқсан оқиғаларының маңызы зор. Қасиетті Тәуелсіздік пен қайғылы Желтоқсан – бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар. Алматы – Тәуелсіздіктің бесігі.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ҚАЛАМЫЗДЫҢ БАС ШЫРШАСЫ
ШАМЫН ЖАҒАДЫ

Бүгін, кешкі сағат 19.00-де Абай алаңында орнатылған Алматының Бас шыршасының шамын жағатын болады. Көтеріңкі көңіл күй сыйлайтын осынау қысқы кеште алматылықтар мен қала қонақтары алып шырша шамының жағу рәсіміне куә болып, мерекелік концертті тамашалайды.

Рая
ЕСКЕНДІР

Дәл осы күні қаламыздың барлық ауданында орналасқан

дәстүрлі шыршалардың шамы жанып, төңірекке қуаныш сыйлайтын болады.

Биылғы шыршаның негізгі ерекшелігі, мерекелік безендіру элементтерінде жылы түстердің басым болып, дизайнды басты екпін жеңіл композициялардың бірыңғай стиліне аударылады. Бұл өз кезегінде қаланың қоғамдық кеңістіктерін біріктіреді. Сөз жоқ, олар да тақырыптық жағынан шағын архитектуралық формалармен безендірілген. Сонымен қатар, қаланың жаяу жүргіншілерге арналған Панфилов көшесі, Жібек жолы, Абай алаңында ШАФ және басқа да көшелерінің бойына фотоаймақтар орнатылған.

БРИФИНГ

ТАРИХ ПЕН ТАҒЫЛЫМҒА
ТОЛЫ МЕЙРАМ

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай ӨКҚ алаңында тарих ғылымының кандидаттары Еділ Ноянов пен Арман Жұмаділдірдің қатысуымен баспасөз конференциясы өтті.

Досбол
АТАЖАН

Баспасөз конференциясы барысында оқытушылар Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуының негізгі сәттері мен оның даму тарихын талқылады. 1990 жылғы 25 қазанда тарихи құжат – «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Мемлекеттік Егемендігі туралы» Декларация қабылданды. Спикерлердің пікірінше, бұл құжат Қазақстанның тәуелсіздікке қарай қозғалысының құқықтық бастамасы болды.

– Егемендік пен Тәуелсіздік – синоним сөздер. Біз егемендік сөзін түріктерден алдық. Олар еуропалық «гегемон» сөзін өз-



дерінше аударды. Декларация – қазақтардың тәуелсіз ел болуға ұмтылуы. Қазақ халқының тәуелсіздік жариялау ниеті де осы еді. Бір жылдан кейін, 1991 жылғы 16 желтоқсанда «Тәуелсіз-

дік туралы» Заң қабылданды, – деп атап өтті А.Жұмаділдір.

Өз кезегінде Е.Ноянов егемендік туралы Декларацияны қабылдағанда, Тәуелсіздік туралы заңның да болмайтынын айтты.

– 1990 жылы 25 қазанда тәуелсіз мемлекет құрудың негізгі қағидаттары жазылған Тәуелсіздік Декларациясы қабылданды. Бұл барлық халықтар мен ұлттардың теңдігі, аумаққа қол сұғылмаушылық, азаматтық таңдау құқығы. Қазақстан Конституциясының ұлты мен дініне қарамастан барлық азаматтар тең делінген болашақ тармақтары нақты жазылған. Демократиялық дамудың негізгі қағидаттары осы декларацияға енгізілді, – деп қорытындылады А.Жұмаділдір.

Баспасөз конференциясы соңында тарихшылар барша қазақстандықтарды Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

ҚОЛДАУ

«QOLDAŪ»-ДЫҢ КӨМЕГІ КӨП

Кәсіпкерлік орталық бизнеске қатысты 67 мыңға жуық кеңес берді

2022 жылғы қаңтар-қараша айларының аралығында «Qoldau» кәсіпкерлік орталығы 66 910 кеңес беру қызметін көрсетті.

Осы кезеңде орталық мамандары жалпы сомасы 43,8 млрд теңгеге тең 250 жобаға қызмет көрсетті. «Алматы» ӨКҚ» АҚ еншілес ұйымдары – «Almaty finance» ЖШС мен «Almaty» МҚҰ» ЖШС-нен тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша жеңілдетілген несиелерді қосқанда, түрлі мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар шеңберінде ШОБ қаржыландырды. Кейбір жоба «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған Ұлттық жобасы» шеңберінде гранттық қаржыландыруға ие болды.

Биыл 11 айдың ішінде орталықтың қолдауымен кәсіпкерлер



құрылыс, жер қатынастары, инженерлік желілер жүргізу, кәсіпкерлік қызметті лицензиялау және көптеген т.б. саладағы 836 рұқсат құжатын алды.

Сонымен бірге, жыл басынан бері орталық менеджерлері 1059 бизнес-жоспар әзірледі. Кәсіпкерлік сауаттылыққа 6447 тыңдаушы, оның 5512-сі онлайн, 155-і офлайн және 780 тыңдаушы аралас форматта оқытылды.

«Qoldau» кәсіпкерлік орталығы» ЖШС Алматы қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 23 шілдедегі №3/464 қаулысына сәйкес, «Almaty Business–2025» кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік бағдарламасы шеңберінде құрылды. Оқыту, кеңес беру, кәсіпкерлер мен бизнес бастамашыларды қолдау сынды орталықтың барлық қызметі тегін көрсетіледі.

Орталықтың міндеті – Алматы қаласы халқының кәсіпкерлік сауаттылығын арттыру, жұмыс істеп тұрған бизнеске және кәсіпкерлік бастамасы бар халыққа жобаны тиімді іске асыруға көмектесу, кәсіпкерлікті дамытуға бөгет жасайтын әкімшілік кедергілерді жою, бизнес идея пайда болған сәттен бастап жобаны қаржыландыруға және іске асыруға дейінгі дамудың барлық сатысындағы кәсіпкерлерді кешенді түрде қолдау.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



С.МӘУЛЕНОВ – 100

СЫРЛЫ КЕШ



Алматыда Жазушылар үйінде Қазақстанның халық жазушысы, ақын Сырбай Мәуленовті еске алған әдеби-сазды кеш өтті. Оған зиялы қауым өкілдерімен бірге, өрімдей жастар да қатысты.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Қыз-жігіттер Сырбай Мәуленовтің сырлы лирикаларынан жатқа өлең оқыды. Ән шырықпа, би де биледі. Иә, мұндай естелік кештер жас ұрпақ үшін керек. Олар Ұлы Отан соғысына қатысқан, Ленинградтағы Волхов майданында қарумен де, қаламмен де күресіп, қайрат көрсеткен, өз заманында Қазақстанның түкпір-түкпірін жырға қосып, сыршыл өлеңдерін жазып кеткен ақын аталары туралы біліп жүруі тиіс.

Сонымен қатар, Сырбай Мәуленов әлем классиктері шығармаларын қазақ тіліне тәржімалаған қаламгер. «Жұлдыз» журналы

мен «Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы болған. Сол тұста журнал таралымы 200 мың данаға дейін жеткен екен. Мұндай көрсеткіш отандық баспасөз тарихында болмаған деседі.

Сырлы кеште Қазақстан Жазушылар одағының басқарма төрағасы Ұлықбек Есдәулет сөз сөйлеп, лебізін білдіріп, ақынның атын ұлықтап жүрген, осы кешті ұйымдастыруға мұрындық болған, соңында қалған тұяғы Қасым Сырбайұлының иығына шапан жапты.

Қазақстанның халық артисі, белгілі актер Ерболат Тоғызақов та кеште ілтипатын білдіріп, Сырбай ақынның соғыс жылдарындағы лирикалары жүрегін тербеп әкеткенін жеткізді. Иә, ақын мұрасы жүректерден өшпек емес.

ОҚИҒА



ПОЛИЦЕЙ мен ФЕЛЬДШЕР

отқа оранған үйден әйелді құтқарып қалды

Алматы қалалық Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, өткен жексенбіде сағат 10.24 шамасында «101» пультіне Медеу ауданының Ахмедсафин атындағы көшеде орналасқан 8-ші үйдің өртеніп жатқаны туралы хабар келіп түскен.

«Оқиға орнына 6 минутта жеткен өрт сөндірушілер үйдің шатыры мен төбе жабындысының жанып жатқанын анықтады. Жалын 120 шаршы метр аумақты шарпыған. Өрт 23 минут ішінде оқшауланып, сағат 11.15-те толығымен өшірілді. Өртпен күрес мамандары көрші орналасқан үйді өрттен қорғап қалды. Өртті ауыздықтауға ТЖД құрамынан 30 қызметкер, 6 техника және қаланың өзара іс-қимыл қызметі жұмылдырылды», – деп хабарлады Алматы қалалық Төтенше жағдайлар департаментінің өкілдері.

Аталған ведомство мамандарының хабарлауынша, «Буран-240» экипажының патрульдік полиция полкінің аға инспекторы Бағдат Бақытжанұлы Әшеков пен ЖМК №10 станциясының фельдшері Тахир Рузиев өрт сөндірушілер жеткенге дейін, өздерінің басын қатерге тігіп, қызыл жалынға оранған үйден күні кешегі отадан кейін аяғынан тұра алмай, шарасыз күйде отырып қалған 31 жастағы әйелді аман алып шыққан. Құтқару кезінде полиция аға лейтенанты Бағдат Әшеков жарақаттанған. Қазіргі күні дәрігерлердің көмегінен кейін қызметіне қайта оралды.

«Патрульдік полиция полкінің аға инспекторы аға лейтенант Бағдат Бақытжанұлы Әшеков пен №10 ЖМКҚ фельдшері Тахир Рузиев Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің басшылығымен марапаттауға ұсынылатын болады», – деп атап өтті департаменттің баспасөз қызметі өкілдері.

Нұр ЖАМАЛ.

АВИАЦИЯ



AIR ASTANA 2023 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАРЫМЕН БӨЛІСТІ

Астанада өзінің меншікті авиациялық-техникалық орталығында Air Astana әуе-компаниялар тобы 2022 жылғы операциялық қызметінің нәтижелерін жариялады.

Air Astana әуепаркi биыл үш Airbus A321LR ұшағымен толықты. Ең жаңа 10-шы A321LR бүгін түнде тікелей Гамбург зауытынан келді. FlyArystan сонымен қатар өз паркiн үш Airbus A320 ұшаққа көбейтті және жыл соңына дейін тағы бір Airbus A320neo ұшағы келмек. Бүгін әуекомпаниялар тобының паркiнде жалпы 42 ұшақ бар. Олардың орташа жасы 5 жыл, бұл әлемдегі ең жаңа флоттарының бірі. Келесі жылы Air Astana компаниялар тобының паркi алты ұшаққа ұлғаюы жоспарланып жатыр.

Биыл Air Lease корпорациясымен 2025 жылдан бастап операциялық лизингке үш жаңа кең фюзеляжды Boeing 787-9 Dreamliner ұшағын жеткізу туралы келісімге қол қойылған.

Бүгінгі таңда Air Astana әуекомпаниясының маршруттық желісі 42 бағытты (27 халықаралық және 15 ішкі), FlyArystan-ның – 34 бағытты (8 халықаралық және 26 ішкі) қамтиды. Air Astana биыл Ираклион мен Бодрумға жаңа тұрақты рейстерді ашты, сонымен қатар

Алматыдан Бангкок пен Бейжіңге рейстерді жандандырды. FlyArystan Ақтаудан Баку мен Ыстамбұлға рейстерді іске қосып, Шымкент–Кутаиси, Ақтау–Дубай және Шымкент–Дубай рейстерін қалпына келтірді. Келесі жылы Air Astana әуекомпаниясы Медина мен Тель-Авивке рейстерді ашуды жоспарлап отыр.

«Биыл мерейтойлық жылы Air Astana әуекомпаниясы FlyArystan-ға тиесілі екі Airbus A320 ұшағына C2-чек техникалық қызмет көрсетудің тереңдетілген түрін өздігінен орындады. Біз 10-шы рет «Орталық Азия мен ТМД-дағы үздік әуекомпания» номинациясы бойынша беделді Skytrax сыйлығына ие болдық, бұл жоғары сапа стандарттарына адал екенімізді дәлелдеді. Біз бетпе-бет келген жаһандық және жергілікті қиындықтарға қарамастан, жаңа жетістіктердің негізін қалап, аймақтық және халықаралық нарықтарда өз орнымызды нығайта алдық. Біздің паркке Airbus A321LR және Boeing 787 сияқты озық ұшақтары қосылуымен болашағымыз зор болатынына кәміл сенеміз. Мұның бәрі қызметкерлеріміздің кәсібилігіне және тұтынушылардың қолдауынсыз мүмкін болмас еді. 20 жыл бойы бізді таңдағандарыңыз үшін рахмет», – деді Air Astana тобының президенті Питер Фостер.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ӘЛЕУМЕТ



Елімізде табысы аз, қолдауға мұқтаж жандарға мемлекет тарапынан қамқорлық көрсетіліп келеді. Соның бірі – тұрғын үй көмегі.



Нұржамал
ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ

Алматы қаласы мәслихатының 2014 жылғы шешімімен бекітілген Алматы қаласындағы тұрғын үй көмегінің мөлшерін анықтау және көрсету Ережесінің негізінде алматылық әлеуметке тұрғын үй көмегі көрсетіліп келеді. Бұл көмек коммуналдық қызметтерді төлеуге арналған шығындар отбасының жиынтық табысының 5 пайыздық үлесінен асатын жағдайда ұсынылады.

– Мәселен, отбасының жиынтық табысы 150 мың теңгені құраса, отбасының жиынтық табысының 5 пайыздық үлесі – 7,5 мың теңге, коммуналдық қызметтерді төлеуге арналған шығындар норма бойынша 16 мың теңге болса, онда тұрғын үй көмегіне 8,5 мың теңге шығады (16 мың теңге – 7,5 мың теңге). Тұрғын үй алаңының нормасы, адам басына 18 шаршы метрлік пайдалы алаңды құрайды, ал бір бөлмелі пәтерде тұратындар үшін – иеленіп отырған тұрғын үйінің нақты пайдалы алаңына тең болуы тиіс, – дейді Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бас маманы Камшат Қошқарбаева.

Көрсетілетін қызметтерге тарифтерді (бағаларды) бекіту кезінде коммуналдық қызметтерді тұты-

«Тұрғын үй көмегі» де біраз көмек

ну нормалары табиғи монополияларды (монополистік қызметтерді) реттеу жөніндегі аумақтық уәкілетті орган қолданатын коммуналдық қызметті қолдану нормаларына тең.

Тұрғын үй көмегін алу үшін отбасы (азамат) аудандық «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының филиалы – Халыққа қызмет көрсету орталығына өтініш беруі керек. Өтінішке жеке басын куәландыратын (жеке басын сәйкестендіру үшін түпнұсқасы беріледі); отбасының табысын растайтын құжаттар; өтініш берушінің тұрғылықты тұратын жерінен мекенжай анықтамасы; жылжымайтын мүлктің болуы (болмауы); зейнетақы аударымдары; жұмыс орнынан немесе жұмыссыз адам ретінде тіркелуі туралы анықтама; балаларға және асырауындағы басқа да адамдарға алименттер туралы мәліметтер; банктік шоты; тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы; коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шоттар; телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі; жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот қоса тіркелуі керек.

Тұрғын үй көмегі жайында қосымша ақпарат алу үшін тіркелген тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша Алматы қаласы Әлеуметтік әл-ауқат басқармасының аудандық бөлімдеріне хабарласуыңызға болады.



МЕДЕУ АУДАНЫ

АВТОБУСТАР ЖАҢАРАДЫ

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

Медеу ауданына қарасты «Камское плато», «Ақтөбе ауылы», «Қайың тоғайы», «Тау жолы» шағынаудандары мен Соғыс ардагерлері госпиталі маңында тұратын тұрғындарға көрсетілетін қызмет сапасын арттыру үшін

2022 жылдың 20 желтоқсанынан бастап келесі маршруттарда жаңа автобустар шығады:

№5 маршрут «Қалдаяқов – Жібек жолы көшесі мен Ақтөбе ауылы», №5А «Қалдаяқов көшесі – Жібек жолы көшесі – Соғыс ардагерлері госпиталі», №5Б «Жібек жолы көшесі – Соғыс ардагерлері госпиталі», №5В «Қайың тоғайы – Достық даңғылы – Оспанов көшесі», №26 «№7 қалалық аурухана – Экологиялық пост».

Алматы қалалық мобильділік басқармасының мәліметінше, соңғы айларда аталған маршруттарда жоспарлы жылжымалы бірліктің жолға шығуы 50%-ға дейін төмендегендіктен, маршруттарды Иссузу Н-40 маркалы жаңа 19 автобуспен қызмет көрсететін «Сапаршы» ЖШС тасымалдаушы компаниясына беру туралы шешім қабылданды.

Сонымен қатар, №5 маршрутқа 4 жылжымалы бірлік, №5А мен №5В маршруттарына 2, №5Б маршрутына 3 және №26 маршрутқа 5 автобус шығару қарастырылған.

«Қалалық мобильділік басқармасы қызмет көрсету сапасын арттыру мен жүріс жиілігін арттыру бағытында бірқатар шара қабылдап жатыр. Маршруттарда туындаған мәселелер кезең-кезеңмен шешімін табатын болады», – деп атап өтті ведомстводан.

Көзікарақты оқырманның есінде болар, қала әкімі Ерболат Досаев Түрксіб ауданының тұрғындарымен кездесуі барысында Алматыға 300 жаңа автобус сатып алынатынын айтқан болатын.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АЛДАНЫП
ҚАЛМАҢЫЗДАР!Кезекті құрылыс компаниясы
жоқ пәтерлерді ұсынадыГүлжанат
СЕМБАЕВА

Желіде Graff премиум класты ТҮК пәтерлер сату туралы хабарландырулар тарап жатыр. Құрылыс салушы «Қарағайлы құрылыс» ЖШС қолма-қол есеп айырысудан бастап ипотекалық несиелеуге дейінгі сатып алудың түрлі нұсқасын ұсынады. Алайда, ТҮК-де жобалау алдындағы құжаттама алынбаған, авторлық және техникалық қадағалау жоқ,

жер телімі үй салуға емес, жеке қосалқы шаруашылық жүргізуге арналған.

Қазіргі таңда Қала құрылысын бақылау басқармасы құрылыс салушыға қатысты жоспардан тыс тексеруді бастады. Жылжымайтын мүлікті сатып алмас бұрын салынып жатқан ТҮК құжаттарының бар-жоғын тексеру қажет. Мұны Алматы қаласы Қала құрылысын бақылау басқармасының +7 (727) 229-81-36 жедел желісі арқылы білуге болады.

ЭКОЛОГИЯ

АҒАШТЫҢ ОРНЫНА
АВТОТҰРАҚ

Қала экobelсенділері Қонаев көшесі, 114 мекенжайындағы мейрамхананың алдындағы бірнеше ағаштың кесіліп, оның орнына автотұрақ орнату үшін көгалды алып тастағаны жөнінде шағымданған болатын.

Құралай
ЖУМАДІЛОВА

Қала әкімдігі ондағы ағаштардың барлығы апатты жағдайда екенін түсіндірді.

– Қалада 35 мыңы көше бойында, 49 мыңы аулаларда тұрған, барлығы 84 мың апатты ағаш бар. Олардың біразы қаланың орталық бөлігінде орналасқан. Экология және қоршаған орта басқармасына қарайтын мердігерлік ұйымның көмегімен жоғарыда аталған учаскедегі апатты ағаштар кесілді. Онда (Қонаев көшесінде) барлығы 20-ға жуық апатты және құрғақ ағаштарды кесу жұмыстарын жүргізу жоспарланған, – деп хабарлады Алматы әкімдігінің баспасөз қызметі.

Әкімдік қызметкерлері ағаштарды кесу жұмыстарын бастамас бұрын Алматыдағы Жазкен Жиымбаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлерін тарта отырып, мұқият талдау жүргізіледі. Содан кейін ғана жарамсыз деп танылған ағаштар жойылады дейді.

Рас, ауру немесе апатты ағаштар адам өміріне қауіп туғызады. Сондықтан оларды дер кезінде көшелерден алып тастау қажет. Сәйкесінше бұл шығындар жас көшеттермен алмастырылуы тиіс. Алайда, мұндай мүмкіндіктер әрдайым бола бермейді.

Сарапшылардың айтуынша,



СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

- Шырша тәулігіне 970 келі оттегін бөліп шығарып, 500 жыл өмір сүреді;
- Балқарағай тәулігіне 940 кг оттегін бөліп шығарып, 850 жыл;
- Қайың тәулігіне 540 кг оттегін бөліп шығарып, 150 жыл;
- Көк терек тәулігіне 680 кг оттегін бөліп шығарып, 100 жыл өмір сүреді екен.

ағаштар тек сән берумен ғана шектелмейді, олар көмірқышқыл газын сіңіріп, оттегін бөліп шығарады. Ағаш көп, жиі өскен жерде өсімдіктер суды көп буландырып, ауаны тазартып тұрады. Мәселен, бір ағаш жылына 90–120 келіге дейін оттегі өндіретінін көп адам білмейді. Бұл – үш адамның бір жыл бойы тыныс алуына жететін оттегі көлемі. Сонымен бірге, ағаш ауадағы шаң мен ұсақ бөлшектерді өзіне сіңіреді. Шудан қорғайды. Сонымен қатар, саясында демалатын көлеңке сыйлайды.

Қала әкімдігі егер жасыл желктер рұқсат құжаттарыңыз кесілетін болса, полицияға жүгіну қажеттігін айтып отыр.

Ал табиғат жанашырларының Қонаев көшесінде кесілген ағаштардың орнына өтемдік ағаш отырғызудың орнына автотұрақ пайда болуына қатысты ақпаратқа орай бүгінде Экология және қоршаған орта басқармасы полиция департаментімен бірлесіп мән-жайларды анықтау бойынша жұмыс жүргізуде.

Эколог-мамандардың пікірінше, ағашқа, өсімдікке, жалпы қоршаған ортаға зиян келтірмеу үшін халықтың да экологиядан хабары көп болғаны, түсінігі жоғары болғаны тиімді. Дегенмен, қоғам белсенділерінің осы мәселені көтеріп, Алматының тыныс-тіршілігі үшін атсалысып жатқанының өзі көңіл қуантады.

БРИФИНГ

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ
МАҢЫЗДЫ

Алматыда мамандар жыл басынан бері 649 нысанды тексерді. Нәтижесінде 235 қоғамдық тамақтану орны газ баллондарын сақтау ережесін бұзғаны анықталды.

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында өткен баспасөз мәслихатында қалалық коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы басшысының орынбасары Нұрбол Қажин мәлім етті.

«Жыл басынан бері 58 сауда базары, 56 сауда орталығы, 535-ке жуық қоғамдық тамақтандыру нысаны (10-нан 100 орынға дейін), оның ішінде 235 нысанда газ баллондарын талаптарды бұза отырып пайдалану фактілері анықталды», – деді спикер.

Нұрбол Қажиннің айтуынша, соңғы жылдары мегаполистегі мейрамхана бизнесінің иелері ашық алаңдарда, террасада, көшедегі кафеде жергілікті жылытуға арналған сыртқы инфрақұрылым газ жылытқыштарын пайдаланатын болған.

Сонымен қатар, Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының өкілі парк ресурсы жаңартылмағандықтан, баллондарды пайдалану қауіпі жыл сайын артып отырғанын айтты. Алматы қаласында пайдаланылып жүрген баллондардың қызмет ету мерзімі орта есеппен 30 жылдан асты.

«Сұйытылған газ нарығында бөлшек сауданы газ желілерінің ұйымдары мен газ толтыру станцияларының иелері жүзеге асыруы керек, олар тұрмыстық баллондардың жақсы техникалық жағдайын, олардың апаттық және жоспарлы қызмет көрсетуін қамтамасыз етуі тиіс», – деп атап өтті ол.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».





КИНОФЕСТИВАЛЬ

Киногерлер өзекті мәселені талқылады

Биыл прокатқа шыққан фильмдер 20 млрд теңге ақша жинаған, оның 40 пайызы – қазақ киносы еншісінде.



**Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ**

XVI Халықаралық «Еуразия» кинофестивалінің баспасөз орталығында «Қазақстандық киноны дамыту векторы» тақырыбында «Дөңгелек үстел» өтті. Онда «Кинематография туралы» Заң, отандық киноны прокаттау және ілгерілету, копродукцияға шығу және басқа да кино саласындағы біздің кинематографистерді толғандыратын өзекті мәселелер талқыланды.

Жиында бірінші болып сөз сөйлеген «Қазақфильм» киностудиясының вице-президенті Серік Әбішев «Кинематография туралы» Заңға қатысты мәселелерге кеңінен тоқталды.

Ол атап өткендей, заң бар, бірақ оның жұмыс істеу тетіктері жоқ.

«Жүйе өте күрделі. Мұнда ғылыми көзқарас, зерттеу, талдау қажет. «Кино туралы» Заң ҚР-ның басқа заңдарымен пысықталуы, басқа министрліктермен байланысы болуы тиіс. Сонда ғана ол нақты жұмыс істейтін болады», – дейді ол.

Продюсер Зарина Кисикова өз кезегінде «Кинематография туралы» Заң аясында жұмыс істеуге мәжбүр болған отандық кинематографистердің қандай қиындықтарға тап болатынын айтып берді.

Ал Айдос Сейітжан деректі киноның проблемаларын көтерді.

«Дөңгелек үстелдің» отандық кинопрокат тақырыбына арналған екінші бөлігі одан да қызу пікірталас тудырды. ҰКҚМО басқарма төрағасының орынбасары Бауыржан Шөкенов қазіргі заманғы отандық нарықтың артықшылықтары мен кемшіліктері туралы егжей-тегжейлі айтып, проблемалар бар екенін, олардың шешіліп жатқанын және мемлекет тек өндіріске ғана емес, сонымен қатар қазақстандық фильмдерді ілгерілетуге де көп көңіл бөліп жатқанын атап өтті.

Оның айтуынша, 2022 жылы (қарашаға дейін) Қазақстанның прокат нарығы 20 миллиард теңгенің деңгейіне жетті, бұл пандемияға дейінгі көрсеткішке жақын. 15 миллион билет сатылды, орташа билет бағасы 1300 теңгенің төңірегінде, бұл негізінен онша қымбат емес.

«Ең қызығы, осы 20 миллиардтың қырық пайызын, яғни 8 миллиардқа жуығын отандық фильмдер жинаған. Биыл прокатқа шыққан 450 фильмнің 64-і отандық. Бұл фильмдердің жалпы санының 14 пайызы және олар бізге пайданың 40 пайызын берді. Бұл – орасан зор көрсеткіш», – деп атап өтті ол.

БАЙҚАУ



Жас өнерпаздар жарысы

Алматыда III Республикалық «Prima Nota Fest» балалар академиялық байқау-фестивалі аяқталды.

Алматыда жыл сайын музыка магистрі, опера дивасы Зарина Алтынбаева өткізетін Республикалық «Prima Nota Fest» балалар академиялық байқау-фестивалі өтті. Қазақстанның 13 қаласынан 65 бала 3 күн бойы классикалық әлемдік музыкалық шығармаларды орындауда бақ сынасты. Академиялық классикалық мұраны дамыту мақсатында байқаудың міндетті бағдарламасында қазақстандық композитор жазған шығармалары орындау алғашқы кезекте болды. Конкурстың тыңдаулар Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының Үлкен залында өтті.

Жас дарындар «Академиялық вокал», «Ішекті аспаптар», сондай-ақ «Фортепиано» номинациялары бойынша өнер көрсетті. Бұл ретте арнайы жүлделердің жеңімпаздары мен иегерлері әр санат бойынша анықталады. Қазақстандық композиторлардың шығармаларын үздік орындағаны үшін Қарақат Башанова,

Софья Климашенко, Снежана Ператинская марапатталды. Бас жүлдеге алматылық талант Марғұлан Молдабеков ие болды.

«Мен әнмен өмір сүремін, мен өмірді музыкамен байланыстырып, үлкен сахнада ән айтқым келеді», – дейді 16 жастағы орындаушы.

Ал арнайы шақырылған халықаралық төрешілер комиссиясы қазақстандық жас музыканттардың жоғары дайындығын атап өтті. Будапешттегі MAV Symphony Orchestra симфониялық оркестрінің бас директоры Георгий Лендвай жас өнерпаздарға табыс тіледі.

«Менің Алматыға сапарым сәтті болды. Қазақстанда талантты балалар көп екенін байқадым. Қатысушыларға табыс тілеймін және халықаралық деңгейде де жетістікке жетеді деп үміттенемін», – деп атап өтті Георгий Лендвай.

Байқау қорытындысы ретінде Е.Рахматиева атындағы үлкен концерт залда Гала-концерт өтті. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында «Prima Nota Fest» қатысушылары қазылар алқасының мүшелерімен бірге өнер көрсетті.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

БІР ӘННІҢ ТАРИХЫ

«Қара бауыр қасқалдақ» әнінің тарихын білесіз бе?



**Айнұр
СЕНБАЕВА**

«Қара бауыр қасқалдақ, қайда ұштың пыр-пырлап? Сазың қалды сәбидің еңбегіндей былқылдап. Қара бауыр қасқалдақ, кері қайт, Сиреп қалған тоғайға қамықпа деп көңіл айт» деп келетін өлең жолдары көпшілікке таныс. Бұл әнді естіп жүргенімен, көп жастар осы әннің авторларын біле бермейді. Осыдан біраз жыл бұрын «Сіз білмейтін бір сыр бар...» бағдарламасында көшедегі жастардан әннің авторына қатысты сұрақ қойылды. Сонда көбі осы сұраққа жауап бере алмады.

«Қара бауыр қасқалдақ» әнінің сөзін белгілі акын Есенғали Раушанов, ал әнін шардаралық композитор Лесбек Аманов жазған.

«...Қарап отырсам, «Жұлдыз» журналына Есенғали Раушановтың 5-6 өлеңі жарияланған екен. Жалпы, Есенғалидың өте мықты акын екенін бұрыннан білемін. Соның ішінде мынау «Қара бауыр қасқалдақ» деген өлеңі бар екен. Соған есім кете берді. Қайта-қайта оқимын. Қасымдағы домбыраны алдым да, «Әй, мынаның бір айтатын ойы бар. Өзі бір мұнды. Әлде, патриоттық сезімі бар ма... Мынауың керемет өлең екен!» деп, бірден шырқап жібердім ғой», – дейді Лесбек Аманов бағдарламаға берген сұхбатында.

Сол кездегі Қазақстан КП ОК-нің бірінші хатшысы Геннадий Колбин ол әннің саяси астармен жазылғанын естіп, акын Есенғали Раушановты дереу шақыртып алады. Сонда Есенғали Раушанов Колбинге әннің ешқандай саяси астары жоқ екенін, Арал жойылып бара жатқандықтан, экологияға

Қазақстанның Тәуелсіз ел атанғанына 31 жыл толды. Бұл – үлкен тарихи мереке. Ал дұрысын айтсақ, бұл күн осыдан 36 жыл бұрын талай өрімдей жастың өмірі қыршынынан қиылған аза тұтатын күн. Алайда, осы қанды қырғынның құрбандарын біле бермейтін жастарымыз да жоқ емес. Әдетте тарихи оқиғаларға қатысты шығарылған әндер халықтың жадында жақсы жатталып қалады. Желтоқсан оқиғасына қатысты шығарылған әндердің бірі 1987 жылы жарық көрген «Қара бауыр қасқалдақ» әні.

арнап жазған ән екендігін, әнде сол жерді мекендеген қасқалдақ деген құстардың аты аталатынын айтып құтылған көрінеді.

Осылайша акын бір қатерден өзінің тапқырлығымен құтылғанымен, қауіп бұлты сөйіле қоймайды. Кейін Есенғали Раушанов Шардарадағы композиторға телефон шалып: «Заман құбылып тұр. Ертеңгі күннің не болары белгісіз...» деген. Оны естіген Лесбек Аманов Қызылқұмның қойнауында мал бағып, елеусіз қалуға тырысқан.

«Қара бауыр қасқалдақ» әнінің мағынасын сол кездің өзінде көп адам түсінбеген. Әуені жаңаша болғандықтан, жастар бұл әнге той-тоймалақта билеп жүреді. Кейіннен газет-журналдарда бұл әннің Желтоқсан көтерілісінде құрбан болған жастардың рухына арналған ән екендігін айтып, журналистер мақалалар жазды. Содан кейін бұл ән көбіне 16 желтоқсан қарсаңында шырқалатын болды.

1991 жылы Дінмұхамед Қонаев Түркістанға зиярат етуге барған сапарында Лесбек Амановты арнайы алдыртып, танысқан екен. Бұл әннің авторлары – акын мен композитор болса, ән шыққаннан 5 жылдан кейін, яғни 1993 жылы ғана кездесіпті. Композитордың бұдан бөлек 300-ге тарта әні бар. Көпшілігі халық әні болып кеткен. «Оралыңның барында ойна да күл», «Біздер де ғашық болғанбыз», «Әйелдер-ай, қандайсың?!» сынды танымал әндер де сол кісінің жүрегінен шыққан.

«Қара бауыр қасқалдақтан» басқа, Желтоқсан көтерілісіне арналған әндердің тағы бірі – акын Әбдірахман Асылбек пен композитор Әбиірбек Тінәлі жазған «Желтоқсан желі» әні. Бұл ән Тәуелсіздік алған 90-жылдардан бастап эфирге шығарылмады. «Қара бауыр қасқалдақ», «Желтоқсан желі» әндері мен режиссер Қалдыбай Әбеновтің «Аллажар» фильмі әлі де өзінің әділ бағасын алатынына сеніміміз мол.





● Ә.ШӘРІПОВ – 110

«БІЗ ШӘРІПОВТІҢ ІЗБАСАРЛАРЫМЫЗ!»



Биыл халқымыздың біртуар ұлдарының бірі – Әди Шәріповтің туғанына 110 жыл толып отыр. Осыған орай, Алмалы ауданындағы Әди Шәріпов атындағы №16 жалпы білім беретін мектепте дәстүрлі «Біз Шәріповтерміз!» слөгі өтті.

Оған Әди Шәріповтің жұбайы Клара Мыңжасарова, Әди Шәріповтің 110 жылдығына арнап «41 жылдың жазы» фильмін түсірген режиссер Бекболат Шекеров, танымал әртістер Азамат Нығманов, Әлішер Лепесбаев және жазушының немересі Арсен Шәріпов қатысты.

Мектептегі жиын Әди Шәріповтің жүріп өткен жолы туралы бейнероликпен басталып, оқушылар танымал тұлғаның ерлікке толы жолымен тереңірек танысты.

Келесі кезекте мектеп оқушылары Әди Шәріповтің «Ормандағы от» шығармасын сахналады. Жиналған қауым соғыс кезіндегі солдаттардың ерлігі мен партизан Әди Шәріповтің бейнесімен қауышты.

Жалпы, жыл сайын аталмыш мектепте атақты жазушының есімін жаңғыртып, еске алып отыру үшін онкүндіктер өткізіп отыру үрдіске айналған. Биылғы жылы да мектеп ұжымы «Әди Шәріпов – қоғам қайраткері, аты аңызға айналған партизан, жазушы» атты ашық сабақ, «Біздің мемлекетіміздің тарихы» атты мектеп мұражайына

тарихи экскурсиялар, «Жақсылыққа жаралған жүрек» сынып сағаты, «Ерлікке тағзым» концерттік бағдарламасы мен «Біздің батырларымыз – Қазақстандықтар» деп аталатын конференция сынды іс-шаралар өткізді.

Ұлтының мақтанышына айналған Әди Шәріпов қиын кезеңдерге қарамай, «Партизан қызы», «Тон», «Алыс жағалаулар», «Қапастағы жұлдыздар», «Сахара қызы», «Арбасу», «Шипагер» және т.б. повестер жазып, соңына мол мұра қалдырған тұлға. Мәселен, жазушының «Партизан қызы» өмірбаяндық әңгімесі негізінде түсірілген «Орман хикаясы» көркем фильмі патриоттық сезім мен ерлікке толы дүние. Соғыстан кейінгі жылдары филология ғылымының докторы Әди Шәріпов әдебиеттану саласында да сүбелі еңбек етіп, қазақ әдебиеті хрестоматиясы бойынша Ж.Саиннің шығармашылығы туралы монография жазды. Бұл бір ғана мысал.

Мемлекет қайраткері, белгілі жазушы, Қазақ КСР еңбек сіңірген мұғалімі, ғалым Әди Шәріповтің

еңбегі мемлекеттік тұрғыда жоғары бағаланып, «Ленин» ордені, «Ұлы Отан соғысы», «Еңбек Қызыл Ту» және «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, «Құрмет белгісі» медалімен марапатталды.

Кембридж университетінде жарияланған әлемнің көрнекті адамдарының Халықаралық библиографиялық анықтамалығына Әди Шәріповтің есімінің енгізілгені біз үшін зор мақтаныш. Бүгінде қаламыздың орталығында Әди Шәріповтің ескерткіші орналасқан.

Кездесу соңында жазушының жұбайы Клара Мыңжасарова сөз алып, мектеп басшысы Алтынғүл Шәкенқызына, мектеп ұжымына алғысын білдірді.

– Мен қатты толқып тұрмын. Үкіметтің 2003 жылғы 30 мамырдағы №497 қаулысымен Алматы қаласының №16 жалпы білім беретін мектебіне Әди Шәріпов атына бергені есімді бергенде дәл осылай толққан едім. Ел басшыларына, қала әкіміне рахмет! 2004 жылдың сәуір айында мектепте Әди Шәріповке арнап мұражай ашылды. Отбасымыздың қимасына айналған біраз экспонаттарды мектеп мұражайына сыйға тарттық. Әлі де байланысымыз үзілмесі анық, – деді жазушының жұбайы.

Осы күні бірінші сыныптықтар жас Шәріповтер қатарына салтанатты түрде қабылданды.

● Ә.НҰРШАЙЫҚОВ – 100



Махаббат жаршысы

Қазіргі таңда барлық білім мекемелерінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес «Оқуға құштар колледж» жобасы аясында игілікті іс-шаралар жүзеге асып жатыр.

Жастар кітап оқуға ден қойып, кітапхана сөрелеріне қан жүгіре бастағандай. Осынау жобамен заманымыздың заңғар жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың 100 жылдық мерейтойы да тұспа-тұс келіп отыр. Туризм және қонақжайлық индустриясы колледжінің кі-

тапхана меңгерушісі Гүлнәр Бексұлтанқызының ұйымдастыруымен «Махаббат жаршысы» атты кеш өтті.

Махаббат қырдың қызыл түлкісі дер,
Махаббат біреулердің күлкісі дер.

Махаббат жүректерді
жаулап алған,
Махаббатты өмірде
кім түсінер? –

деп жырлаған дәуірдің кемегері қаламгері Әзілхан Нұршайықовтың шығармаларын оқымаған жас кемде-кем шығар. Кеш барысында әлемнің назарын өзіне аудара білген дара жазушы Әзілхан Нұршайықовтың өмірі мен шығармаларын дәріптеу мақсатында, Туризм және қонақжайлық индустриясы колледжінің білім алушылары «Махаббат, қызық мол жылдар» атты романының желісімен түсірілген кинофильмнің бас кейіпкерлерімен кездесті.

Кеш қонақтары қазақ киносының дамуына елеулі үлес қосып жүрген актерлар – Ермек Ерікұлы, Наркыз Айдарқызы фильмді түсіру барысында кездескен түрлі қызықтар мен тосын оқиғаларды еске түсірді. Білім қуған жастар да бұл күні атақты жазушының шығармасы арқылы махаббаттың шыңына өрлеген өнер иелерінің әңгімесін қызыға тыңдады.

Жамбыл атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасының бөлім меңгерушісі Шарайна Файзуллақызы Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылығы, адами қасиеті тұрғысында еске алып, естеліктермен бөлісті.

● ТАҒЫМ



«ЖЕЛТОҚСАН – ЕРЛІК ТАРИХЫМЫЗ»

Алмалы ауданындағы №8 мектеп-гимназия ұжымы ел Тәуелсіздігіне арнап «Желтоқсан – ерлік тарихымыз» атты салтанатты кеш өткізді.

Салтанатты кеште «Қазақстанның табыстары» атты бейнебаян көрсетілді.

Кештің ресми бөлімін директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ләззат Бауыржанқызы ашып, Тәуелсіздіктің бесігіне айналған мегаполистің ерекше рөліне тоқталып өтті.

– Біздің қаламызда 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасының егемендігі ресми түрде жарияланды, мұнда тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаушы маңызды шешімдер мен құжаттар, Конституция, мемлекеттік рәміздер қабылданды, Қарулы Күштер құрылды, ұлттық валюта енгізілді. 1998 жылы «Алматының ерекше мәртебесі туралы» Заңға қол қойылып, «Алматы – Тәуелсіздіктің алтын бесігі» деген баға берілді. Біз Желтоқсан батырларының қаһармандығы мен ерлігін лайықты бағалап, жан-жақты дәріптеуіміз керек. Олар осы еркіндіктің алғашқы қарлығаштары, Желтоқсан батырлары. Қазақстан Тәуелсіздігі – біздің әрқайсымыз үшін маңызды оқиға. Осы жылдар ішінде ұлттық рух нығайды, ұрпақтар сабақтастығы дамыды, қазіргі тарих пайда болды. Біз Тәуелсіздікті армандаған ата-бабаларымыз салған жолмен келеміз, – деді.

Кеш барысында мектеп оқушылары Отан, Тәуелсіздік, бейбіт өмір мен достық туралы әндер шырқап, мерекелік көңіл күй сыйлады.

Кеш қонақтары мен ата-аналар осынау жас ұрпаққа патриоттық тәрбие мен отансүйгіштік сезім сыйлаған «Желтоқсан – ерлік тарихымыз» атты кештің ұйытқысы болған Әсия Әділханқызына, мектептің өнерлі оқушыларына ризашылықтарын білдірді.

● КЕЗДЕСУ



БАЛАҒЫҢ ТІЛЕГІ – БЕЙБІТШІЛІК!

Биыл Әуезов ауданында орналасқан №129 бөбекжай-балабақша ұжымы 16 желтоқсан – Тәуелсіздіктің 31 жылдығын ерекше атап өтті.

Балабақша ұжымы Ы.Алтынсарин атындағы медальдің иегері, «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Қазақстан ұстазы», «Желтоқсанның 30 жылдығы» медальдарының иегері, Алматыдағы №62-бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі, Желтоқсан ардагері Гүлназым Қиялбековамен кездесті.

Әрине, осынау ата-бабамыздың арманы болған азаттықтың ақ таңы атып, аңсаған арманының жүзеге асқан сәтін бала ұғымына сіңіріп, санасына жеткізу оңай емес. Десек те, кездесуге келген қазақтың қайсар қыздарының бірі Гүлназым Қиялбекова бала жанының бағбаны болғандықтан, еліміздің еркіндікке қол жеткізген Тәуелсіздік ұғымын баланың өз тілімен жеткізді. Балабақша бүлдіршіндері Желтоқсан ардагерінің әңгімесін ұйып тыңдап, ерекше құрметпен қабылдады. Бүлдіршіндер де батыр ата-апаларының ерліктерін кішкентай жүректеріне сыйдырып, оны өлең жолдарымен жеткізе білді.

Бүлдіршіндер бейбіт елдің бесігінде тербелген бақытты ұрпақ. Сондықтар олардың шырқаған әндері шаттыққа толы. Салтанатты жиын соңында балабақша меңгерушісі Гүлжаһан Беспаева кездесуге келген қонаққа ризашылығын білдірді. Ал балақайлар алаңсыз ойынға кірісті.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



«ҚОҒАМДЫҚ ТЫНДАЛЫМ»

Медициналық көмек көрсету сапасы талқыланды

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасында алғаш рет денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселелер бойынша «Қоғамдық тыңдалым» өтті.

Қоғамдық тыңдалымға қала әкімдігінің әдеп жөніндегі уәкілі Мамай Ахетов, Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Иран Шаметеков, Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің департаменті Мемлекеттік қызметтер басқармасының басшысы Нұржан Узбежанов, Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының басшысы Самат Үмбеталиев, Алматы қаласы әкімінің аппараты құқық қорғау органдарымен жұмыс және терроризмге қарсы комиссия бөлімінің өкілі Данияр Кәрімбаев және үкіметтік емес бірлестіктердің өкілдері қатысты.

Қоғамдық тыңдалымда емханалық және стационарлық көмекті жүзеге асыратын медициналық ұйымдарда көрсететін медициналық көмек көрсету сапасы туралы талқыланды.

«Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы қала тұрғындарының денсаулығын нығайту жолында жүйелі жұмыстар атқаруда. Медицина қызметкерлері күні-түні жұмыс істеп



жатыр. Дәрігер операция бөлмесіндегі үстел жанында бірнеше сағат бойы тік тұрып, қаншама адам өмірін құтқарып жатыр. Егер дәрігер жұмыс бабында қателіктер жіберіп, заң бойынша арыз-шағымдары болатын болса, объективті түрде сотқа жүгінуге болады. Әлеуметтік желілерге пост жариялап, теріс көзқарасты көбейтудің қажеті жоқ», – деді басқарма басшысы Иран Шаметеков.

Қала әкімінің әдеп жөніндегі уәкілі Мамай Ахетовтің айтуынша, азаматша

Н.Фошина №4 қалалық клиникалық ауруханасының медицина қызметкерлеріне арыз-шағымын Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің департаментіне, Алматы қаласы әкіміне жазған. Басқарма басшысының жеке қабылдауында бірнеше рет болған. «Азаматша Н.Фошина арыз-шағымын бірнеше бет етіп жазып келгенімен, нақты неге шағым жазғаны көрсетілмеген», – деді ол.

Пациент Марат Шаханов денсаулық

сақтау саласындағы кейбір өзекті мәселелерге, медицина қызметкерлерінің жауапсыздығы мен салғырттығына, денсаулық сақтау министрлігінің нормативтік құқықтық актілерін сақтамау жағдайларына және т.б. алаңдаулы екенін жеткізді. Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының бас дәрігерлері мен басшыларын тағайындау кезіндегі кадрлық саясат әлеуетін арттыру жайын қозғады және медицинада болып жатқан кейбір сыбайлас жемқорлықты Отанға деген ояныс деп санау керектігін тілге тиек етті.

«Караван» газетінің журналисі Владимир Северный: «Мен кез келген жағдайды журналист бола аламын және сенімді түрде сынай аламын. Мен дәрігерлерді БАҚ өкілі ретінде және пациент ретінде де құрметтеймін. Егер кемшіліктер болса, олардың алдымен кәсібилігін бағалаймын. Кез келген мәселені тек шынайылық пен әділдік арқылы шешуге болады. Медицина қызметкерлеріне денсаулық тілеймін. Дәрігерлер туралы есеп беретін болсам, коронавирус кезінде мені аяғымнан тік тұрғызған осы медицина қызметкерлері. Сондықтан мен дәрігерлерге ризашылығымды білдіремін. Олар пациентті ешқашан бөліп-жармайды, алтын уақытын, жүрегін бөріне арнайды», – деп ағынан жарылды.

Алматының денсаулық сақтау жүйесінің кадрлық әлеуетін дамыту, медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мүмкіндігі жайы сөз болды. Сөз соңында мұндай «қоғамдық тыңдалымды» тұрақты түрде өткізіп тұру туралы ұсыныс жасалды.

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫНДА

Мегаполисте заманауи ұлттық орталық құрылады

ҚР Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният Үкімет отырысында Қазақстан Республикасы Президентінің тұрақты Денсаулық сақтау моделін құру жөніндегі сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының орындалуы туралы баяндады.


А.Ғиният 2021 жылы денсаулық сақтау шығыстарының үлесі елдің ЖІӨ-нің 2,9%-ын құрағанын атап өтті. Бұл ретте Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы саланы тұрақты дамыту үшін денсаулық сақтауды қаржыландыру деңгейін ЖІӨ-нің 5%-ына дейін жеткізуді ұсынады. ҚР ДСМ басшысының айтуынша, халықтың өмір сүру ұзақтығы денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыру деңгейіне тікелей байланысты болғандықтан, ведомство міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыратын болады.

«МӘМС жүйесінің тартымдылығын арттыру арқылы халықты ынталандыру; медициналық қызметтер пакеттерін нақты ажырату: ТМККК және МӘМС; медициналық көмек түрлері бойынша қаражатты оңтайлы бөлу; медициналық сақтандыру қорының медициналық көмекке ақы төлеудің бірыңғай ақпараттық жүйесін іске қосу арқылы қаржы ағындарын бақылау және халыққа медициналық көмектің сапасы мен ашықтығын арттыру бойынша бірқатар басқа іс-шаралар жоспарлануда», – деді А.Ғиният.

Сондай-ақ, медициналық көмек көрсетудің халықаралық стандарттарына жауап беретін денсаулық сақтаудың заманауи жүйесін қалыптастыру үшін СӨС қызметі орталықтандырылатын болады, сондай-ақ СӨС, дұрыс тамақтану және тұзды тұтыну мәселелерінде халықтың сауаттылығын арттыру жөнінде шаралар қабылданып болады. Дәрігерлік мамандықтың мәртебесін арттыру шеңберінде медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыруды енгізуді, қылмыстық нормаларды ізгілендіруді, сондай-ақ дәрігерлерді заңдық және қаржылық қорғау шеңберінде өзге де шараларды көздейтін тиісті заң жобасы әзірленді.

«2023–2025 жылдарға арналған халыққа онкологиялық көмекті жетілдіру жөніндегі Жол картасының жобасы әзірленді, онда онкологиялық аурулардың алдын алу шаралары, ерте анықтау және емдеудің заманауи әдістері, сондай-ақ жаңа онкологиялық орталықтар салу, корпустарды реконструкциялау және заманауи жабдықтармен жарақтандыру көзделді», – деп хабарлады министр.

Сондай-ақ, Алматы қаласында балалар онкологиясы мен гематологиясының заманауи ұлттық орталығын құру жоспарлануда. Инсультпен ауыратын науқастарды емдеу тәсілін үйлестіру үшін салынып жатқан «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» көпбейінді ауруханасының базасында бірыңғай консультациялық инсульт орталығы іске қосылады.



МСАК

Денсаулықтың қаражаты қомақты

Алматының медицинасын дамытуға бөлінетін қаражат көзі жылдан-жылға артып отыр. Соның нәтижесінде мегаполис медицинасы нығайып келеді.

Биыл Алматыда денсаулық сақтау жүйесін жақсарту аясында медициналық ұйымдарға қажетті құрал-жабдықтар алуға 16,4 млрд теңге жұмсалды. Медициналық-санитарлық алғашқы көмектің (МСАК) 4 нысаны аяқталып келеді, сонымен қатар, 7 нысанның жобалық құжаттамасы әзірленді.

Ал келесі жылы 10 көпсалалы аурухананы жаңғырту, 4 отбасылық дәрігерлік амбулатория салу, сонымен бірге, 6 жаңа емхана мен 3 отбасылық дәрігерлік амбулаторияның жобасы дайындалады. Олар Алматы қала-



сының МСАК әзірленіп жатқан бірыңғай стандартын ескере отырып іске асырылады.

Келесі жылы медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға 31,5 млрд теңге қарастырылған.

МӘМС

Алматылық хирургтар жаңа әдістерді меңгерді

Алматыдағы №7 қалалық клиникалық ауруханада жүректің созылмалы ишемиялық ауруы мен жіті коронарлық синдромға шалдыққан пациенттерге міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру есебінен заманауи инвазивті тәсілмен ота жасалды.

Кейінгі кезде оперативтік ем саласында жиі қолданылып жүрген тамыршілік ультратыбыстық зерттеу және фракциондық резерв тәсілдері «Қалқаман» ауруханасында алғаш рет қолданысқа енгізілді. Шеберлік класына Астана мен Тараздан келген дәрігерлер қатысты. Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы таратқан мәліметке сүйенсек, 55 жастағы пациент мұнда жүректің ишемиялық ауруы, тұрақсыз стенокардия диагнозымен түскен. Ауруханаға жеткізілген кезде кеуде мен жүрек тұсының қысылатынын және ашып ауыратынын, содан соң сол қолға берілетінін айтып шағымданған. Сонымен қатар, жүрегі айнып, басы айналып, еңтігіп қалатын болған.

«Алдымен біз фракциондық резерв әдісін (FFR) пайдалана отырып, тамыр ішіндегі қысымды өлшедік. FFR нәтижесі тамырдың болмашы ғана тарылғанын көрсетіп берді. Стенттеуге деген қажеттілік жоқ деген шешім қабылданды. Содан соң ультратыбыстық зерттеудің көмегімен тамырдың ішін тексердік. Нәтижесінде жүрек қарыншасының алдыңғы бөлігіндегі күретамыр қабырғасында түйіншік бары анықталды. Пациенттің жүрегіне стент орнату қажет болды. Стент қойылғаннан кейін науқас бірден кардиология бөлімшесіне ауыстырылды», – деді интервенционный хирургия бөлімшесі меңгерушісі Сәкен Анартаев.

Тамыршілік ультратыбыстық зерттеу – коронарлық артериялар мен өзге де қан тамырларының жай-күйін тексеру мақсатында жасалатын диагностика түрі. Тамыр ішін зерттеу диагностикалық және терапевтік диагноздарды нақтылау мақсатында жасалады. Арнайы құрылғы тамырдың ішіндегі өзгерістерді байқауға мүмкіндік береді. Фракциондық резерв көбіне коронарография кезінде немесе операциядан кейін миокард ишемиясы қаупінің алдын алу мақсатында жасалады. Ол орнатылған стенттің қаншалықты дұрыс бекітілгеніне көз жеткізіп, емдеу тактикасын айқындауға мүмкіндік береді. Айта кетерлігі, бұл процедуралардың бәрі де міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру есебінен жасалады.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.



● КАТАР – 2022



АРГЕНТИНА – ҮШ ДҮРКІН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

Катарда футболдан Әлем чемпионаты мәресіне жетті. Финалда Франция құрамасын пенальти сериясында тізе бүктірген Аргентина Әлемнің үш дүркін чемпионы атанды. Қола жүлде Хорватияға бұйырды.

Бұл мен көрген Әлем чемпионаттарының ең үздігі. Бұл мен көрген финалдардың ең әсерлісі. Бір танысым айтқандай, футболды осы жерден тоқтата салуға болады. Бұдан керемет ойынды көруіміз енді неғайбыл. Айтамыз-ау, бірақ аяқдоп ешқашан таңқалдыруын қоймайды. Әр мундиальдің өзіндік ерекшелігі бар, әр турнир өз бетінше тартымды. Бұл дода туралы да әу баста сын көп айтылды. «Қыстың кезінде қайдағы Әлем чемпионаты?» десті біреулер. «Клубтық ойындар қызып жатқанда әлем чемпионатын ұйымдастырғаны қай сасқаны?» деп екіншілері аргумент қосты. Адам дауы, ауа райы, тағы басқа нәрселер, әйтеуір, ілік іздегенге мін табылып жатты. Алайда, ФИФА басшылары дегенінен қайтқан жоқ – Катар араб елдерінің ішінде, мұсылман елдерінің арасында тұңғыш болып Әлем чемпионатын қабылдады.

Осылайша бір айға жалғасқан жаһандық дода Аргентина мен Франция арасындағы финалдық аяқаспен аяқталды. Әлбетте, матчты тамашалаған жанкүйерлер финалдың эмоциясын экранның бергі бетінде отырса да өздері-ақ сезінді. Сондықтан ойынның қалай өткені туралы шимайлап жату артықтау болар. Дегенмен, Лионель Мессидің ерлігін, Анхель Ди Марияның сұңғылалығын, Эмилиано Мартинестің салқынқандылығын, бас бапкер Лионель Скалонидің көрегендігін айтпай кетуге болмайды.

Соңғы екі кездесуге шықпаған Ди Марияны күтпеген жерден негізгі құрамда ойнатып, оның үстіне, әдетте оң қапталда ойнайтын Анхельді сол қапталға шығарған Аргентинаның бас жаттықтырушысы Скалони франциялық әріптесі Дидье Дешамды бірден тығырыққа тіреді. Алғашқы екі голды жасап берген де осы Ди Мария. Франция футболшылары бірінші таймда түк істей алған жоқ. Үзіліске дейін-ақ екі ойыншысын ауыстырған Дешам «суға кеткен тал қармайдының» кербін кигендей де көрінді. Еуропалықтар тек 70-минутта ғана қақпаға алғашқы соққысын жасай алды. Көшбасшылық рөлді Килиан Мбаппе алды. Алдымен пенальтиді мүлтіксіз орындады. Одан кейін Кингсли Коман бастап, Рабьо мен Тюрам бастаған шабуылды әдемі голға айналдырды. Дегенмен, бір ғана Мбаппенің жанкештілігі аздық етті. Аргентина футболшыларының жеңіске деген құштарлығы жеңіп кетті. Бұған матчтың 117-минутындағы Коло Муанидің соққысын алып шыққан Эмилиано Мартинестің сейбі

дәлел. Бұған Энцо Фернандестің сары қағазына қарамастан алаң ортасында допты бермей, қарсыластарын қоғадай жапыруы дәлел. Бұған 35 жасқа жақындағанына қарамастан, құдды бір 18-дегі бозбаладай екі өкпесін екі қолына алып жүгірген Николас Отамендидің отты ойыны дәлел. Ал Лионель Месси ше? Осы чемпионатта Аргентинаны алға сүйреген бірден-бір ойыншы осы. Нағыз жүрек жұтқан футболшы. Пенальти сериясында нүктеге жақындап, допты жәй ғана түрте салуы да қарапайым ойыншының әрекеті емес. Басқалар секілді қақырата тепкен жоқ. Француз қақпашысы Уго Льористің солға қарай құлай кеткенін байқады да, ақырын ғана оңға қарай түрте салды. Осынысымен-ақ әріптестеріне сенімділік сыйлады. Осынысымен-ақ қарсыластарының мысын басты.

Қош, сонымен Аргентина құрамасы Әлемнің үш дүркін чемпионы атанды. Алғаш 1978 жылы өз еліндегі аламанда атой салған олар екінші рет Диего Марадонаның жарқылдаған шағында 1986 жылы чемпион болған екен. Содан, міне, араға 36 жыл салып, үшінші рет кубокты көкке көтерді. Ал Месси ойынның ғана емес, турнирдің үздік ойыншысы атанды. Финалдан соң «бұл менің Аргентина құрамасындағы соңғы ойыным емес» деп мәлімдеді. Демек, 2006 жылғы Әлем чемпионатына бозбала Месси ретінде қатысқан Лео 2026 жылғы мундиальда да қарт Месси ретінде тағы доп тебуі мүмкін. Ол кезде 39-да болады екен. Несі бар, ойнауға болады. Катарда да 39-40 жастағы ойыншылардың ойқақтағанын көрдік.

Ал Мбаппенің алар асуы әлі алда. Осы турнирдің үздік сұрмергені атанған ол Әлем чемпионаттарындағы голдарының санын 12-ге жеткізді. Енді келесі мундиальда бесеу соқса, атакты Герд Мюллердің рекордын бұзады. Адамда қанағат деген болған ба, бір жағынан амбициясының да жоғарылығы келе жатқан жапондар бұл жолы да асқан мәдениеттігімен ерекшеленді. Ойыннан кейін қолдарына пакет ұстап, стадионды тап-тұйнақтай жинап кетіп жүрген жапон жанкүйерлерінен үйренеріміз көп. Ал марокколықтар отбасылық құндылықты насихаттаумен есте қалды. Немістің бір тілшісі жазғандай, еуропалықтар адамзат табиғатына жат өзге дүниелерді алға тартқанда марокколықтар алаңға аналарын алып шығып, үлкендерге құрмет көрсетіп жатты. Міне, бұл мундиаль осынысымен де есте қалуы тиіс.

Ендеше, қош, Катар! 2026 жылы АҚШ, Канада, Мексика жерінде кездескенше, Әлем чемпионаты!

● БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

АЛМАТЫДА ҚОНАЕВТЫ ЕСКЕ АЛУ МАРАФОНЫ ӨТТІ

(Басы 1-бетте)

Марафон Алматыда Дінмұхамед Қонаевтың бюстінің жанынан бастау алды.

– Биыл Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың 110 жылдығына орай Тараз, Түркістан, Шымкент, Қонаев қалаларында көптеген іс-шаралар өткіздік. Арасында онлайн шаралар да бар. Ал осы жолы «Алматы–Қонаев» марафонын өткізіп жатырмыз. Осы орайда, Алматы қаласының әкімдігіне, Алматы облысы Қонаев қаласының әкімдігіне, жүгіруді ұйымдастырушыларға, сондай-ақ «Алматы» марафон клубының спортшыларына алғысымды білдіремін, – деді Халықаралық Д.А.Қонаев атындағы қордың вице-президенті Болат Қожықабар.

Қатысушылар алдымен Бөгенбай батыр көшесімен 100 метрге жүгіріп өтіп, арнайы автобуска отырды. Содан кейін марафон Алматы шекарасынан Қонаев қаласына дейін жалғасты. Жалпы ұзақтығы 75 шақырымды құрады.

– Бұл өзі ерекше марафон. 15 адамнан тұратын команда, бір-бірімізді алмастыра отырып, Алматы қаласының шекарасынан Қонаев қаласының шекарасына дейін жүгіріп өттік. Содан кейін спортшылар араласып, колоннамен бірге Қонаев қаласына бірге жеттік. Әлбетте, бәріміз әуесқой марафоншылармыз. Дегенмен, осындай жарыстарға белсене қатысып тұрамыз, – деп бөлісті команда капитаны Қайырболат Егеубаев.

Айта кетейік, марафонға қатысушылардың ең жасы 14 жаста, ал ең үлкені – 83 жаста.

● ТУРНИР

ЖАЯУ ФУТБОЛ – ДЕНСАУЛЫҚҚА ПАЙДАЛЫ

Жаяу футбол дегенді естуіңіз бар ма? Футболдың дәл осы түрінен Алматыда алғаш рет қалалық турнир өтті.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Жаяу футбол деген аты болмаса, мұнда да спортшылар тер шығарып, дене қыздырады. Ал атауынан белгілі болғандай, 50 жастан асқандар қатысады. Турнирді Алматы қаласының Спорт басқармасы ұйымдастырды. Төрешілікті Алматы футбол федерациясы қамтамасыз етті. Жаяу футбол – 50 жастан асқан адамдарға арналған футбол түрі. Ойлап тапқан – ағылшындар. Ұлыбританияда әртүрлі себептермен дәстүрлі футболды ойнай алмайтын егде жастағы әуесқойлар үшін жасалған. Ойын ережесіне сәйкес, жүгіруге болмайды. Егер ойыншы жүгірсе, онда қарсыластың пайдасына айыппұл тағайындалады. Ойын кезінде доп басынан жоғары көтерілмеуі керек.

– Жаяу футбол турнирін қаламызда алғаш рет өткізіп жатырмыз. Біз бұл шараға арнайы регламент жасап, оны тұрақты етеміз. Бірінші рет ұйымдастырылғанына қарамастан көпшіліктің зор ықыласына бөленіп үлгерді. Дәстүрлі етпекпіз, – деді Алматы қаласы бойынша футболдың бас хатшысы Владимир Ахунов.

Айта кету керек, жаяу футбол ойнау жүрек-қантамыр жүйесін нығайтуға көмектеседі.

– Жаяу футбол халықты сауықтыру үшін арнайы ойлап шығарылған. Ол медициналық себептермен жүгіруге тыйым салынған адамдарды қамтиды, – деп бөлісті іс-шараны ұйымдастырушы Қайрат Адамбеков.

Сонымен, турнир қорытындысы бойынша 1-орынды Алматы қаласының футбол федерациясы жеңіп алды. Екінші орын «Желтоқсан» футбол командасына бұйырса, үздік үштікті «Реал» әуесқой футбол командасы түйіндеді. Сондай-ақ, қазылар алқасының мүшелері «Марсиандық» футбол командасын ерекше атап өтіп, оларға да естелік сыйлықтар берді. Жаяу футболдан бірінші турнирдің жеңімпаздары дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Әзірлеген Әзиз ЖҰМАДІЛ.



ТӘРБИЕ

Егемендіктің қадірі

Тәуелсіздік мерекесі құрметіне Алматы қаласының Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 мекемеде (№3 ЖББМ) химия пәнінің мұғалімі Гүлбағдат Күренбаеваның ұйымдастырумен «Тәуелсіздік деп соғады жүрегім» атты салтанатты кеш өтті.

Колонияда жазасын өтеп жатқан жасөспірімдерге Желтоқсан оқиғасы, сол тұстағы елжанды қазақ жастары, Тәуелсіздіктің қадір-қасиеті туралы мағыналы әңгімелер айтылды. Мақсат – бүгінгі жастардың бойына патриоттық рух беру, егемендікті қадірлеуге шақыру. Мерекелік кеште еліміздің егемендігін дәріптейтін, бойға қайрат, жүрекке рух беретін жан тебіренерлік жырлар төгілді, әсем әуендер шырқалды. Өлеңдер оқылды. Мұның бәріне балалар колониясындағы жастардың өздері атсалысты. Қуанғанымыз да сол. Сол тұстағы «Желтоқсанның ызғарын» бейнелейтін фильмнің де жасөспірімдерді әсерге бөлегені анық.

Нұр ЖАМАЛ.

БАКАНСИЯ



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

«MAGNUM CASH&CARRY» ЖШС-не:

- сатушы;
- кассир;
- асүй қызметкері;
- жүк тиеуші;
- аспаз;
- нан пісіруші керек.

Тел.: 8 771 578 58 58.

«SORTEX TECHNO» ЖШС-не:

- бухгалтер керек.

Тел.: 8 705 810 56 90.

«КОМФОРТ В ДОМ» ЖШС:

- call-орталыққа мамандар іздейді.

Тел.: 7 701 765 11 55.

Алматы қаласы Жасыл экономика басқармасының «МЕ-ДЕУ» мемлекеттік өңірлік табиғи паркіне:

- заңгер керек.

Тел.: 8 (727) 292-05-29, 8 777 802 22 74.

Алматы қаласы «МЕТРО-ПОЛИТЕН» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына:

- инженер;
- электр пойызының машинисі;

- учаскенің аға инженері;
- электромеханик;
- аумақты тазалаушы;
- қызметтік және өндірістік үй-жайларды тазалаушы керек.

Тел.: 8 747 873 97 81; 8 (727) 396-87-61.

«ҚАЛА КӨРКЕЙТУ» ЖШС-не:

- бухгалтер керек.

Тел.: 8 (727) 251-63-77, 8 747 139 54 65.

№1 қалалық емханаға:

- психолог керек.

Тел.: 8 (727) 397-44-00.

«Жедел медициналық жәрдем қызметі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына:

- жұмысшы;
- тракторшы;
- санитар;
- құрылыс инженері;
- аспаз керек.

Тел.: 8 707 554 17 75, 8 (727) 379-46-14.

«КАРҒАЛЫ ПАНСИОНАТЫ» АҚ-на:

- аспаз қажет.

Тел.: 8 707 123 14 79.

«Отырар» АҚ-на:

- күндізгі уақыттың әкімшісі;
- түнгі мезгілдің әкімшісі;
- әмбебап аспаз;
- наубайшы-кондитер;

- асүй жұмысшысы;
- ресепшн;
- кір жуушы керек.

Тел.: 8 701 744 84 20.

«ХОУМ КРЕДИТ ЭНД қаржы БАНК» АҚ-ның еншілес банкіне:

- call-орталық операторы керек.

Тел.: 8 747 702 07 92.

«ИНВИТРО-Қазақстан» ЖШС-не:

- мейірбике керек.

Тел.: 8 771 228 81 85, 8 777 727 28 88.

«Алматы ауыр машина жасау зауыты» АҚ-на:

- фельдшер;
- учаске бастығы;
- фрезеровщик;
- электромонтер-релейщик;
- учаске мастері керек.

Тел.: 8 747 107 09 20.

«MICRONIM» ЖШС-не:

- сату бойынша менеджері;
- сауда өкілі;
- жүргізуші;
- бөлшектеп өлшеуші;
- түрлі жұмыстарға жұмысшы;
- еден жуушы керек.

Тел.: 8 707 355 41 30, 8 701 744 82 61.

«Қазақстан Секьюрити систем» коллекторлық агенттігі» ЖШС-не:

- мерзімі өткен берешекті өндіріп алу жөніндегі маман қажет.

Тел.: 8 707 385 48 40.

«ZETA инжиниринг» ЖШС-не:

- жұмсақ жиһаз цехына кең форматты Альтендорф аралау машинасына аралаушы;
- жұмсақ жиһаз цехына ағаш ұстасы;

- дивандардың, креслолардың жақтауларын жинаушы;

- поролон жабыстырушы;

- жұмсақ жиһаз цехына дивандардың, креслолардың чехолын қаптаушылар;

- дивандардың, креслолардың чехолын қаптауды үйренушілер;

- тігінші;

- закройщица;

- маталар қоймасына қоймашы;

- корпустық жиһаз цехына құрастырушы;

- корпустық жиһаз цехына кең форматты аралау станогына аралаушы;

- закатчик керек.

Тел.: 8 747 016 41 99.

ЖҰМЫС ТАБУЫҢЫЗҒА ТІЛЕКШІМІЗ!

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырман!

2023 жылға баспасөзге жазылу жүріп жатыр. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға бір жылға жазылу керек.

2022 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектің көшірмесін конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61, немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС.

2023 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Байқауға бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтарды табыстау 2023 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2023 жылдың 2 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:
8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

* *бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* *құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;*

* *құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!*

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail: aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор – Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚАБАНБАЙ БАТЫР – 330

ҚАЗАҚТЫҢ ДАРАБОЗЫ

Айнұр
СЕНБАЕВА

Биыл даңқты батыр, әйгілі қолбасшы Қаракерей Қабанбай батырдың туғанына 330 жыл толып отыр. Қазақтың хас батырының есімін ұлықтау мақсатында Алматыда ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Тарихи тұлғаның мерейтойына орай өткізілген жиынға Қабанбай батырдың ұрпақтары, белгілі тарихшылар мен ғалымдар, зиялы қауым өкілдері қатысты. Халықаралық «Қабанбай» қоры ұйымдастырған ғылыми конференцияда дарабоз батырдың даналығы мен ерлігі, тарихтан алатын орны туралы құнды деректер айтылды.

Қазақта ел мен жерді жаудан азат етуде асқан ерлігімен, батылдығымен дараланып, ханның да, халықтың да құрметіне бөленген батырлар аз емес. «Ақтабан» болып шұбырып, қынадай қырылған халқымыздың еңсесін көтеруге, мемлекеттігімізді сақтап қалуға Бөгенбай, Наурызбай, Райымбек, Есетей айбынды батырлар тер төкті. Әсіресе, сонау XVII–XVIII ғасырларда халқымыздың басына қара бұлт үйірген Жоңғар шапқыншылығы кезінде байтақ даламызды жатқа бермеуге барын салған батырларымыздың бірі – Қабанбай батыр. Осындай мықты қолбасшылардың ерлігі Абылайдай білікті хандардың еңбегінен кем емес. Бұл туралы ұлттық тарихымызды жете зерттеп, іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жазған академик, профессор, ғалымдар ел мен жер тұтастығы жолында жан аямай күрескен ұлы бабамыз жайлы тың деректерді ортаға салды.

Белгілі ғалым Оразалы Сәбден қазақ тарихы, жалпы түркі халықтарының тарихы мұхит астында жатқан маржандай құнды екенін айта келіп, жер бетіндегі 220 млн түркі халықтарының басын қосатын уақыт жеткенін айтты. Сондай-ақ, ол Қабанбай секілді батырлардың тізімі түгелдей енгізілетін арнайы буклеттер жасау туралы ұсынысын да жеткізді. Ғалым қазіргі технология мен руханият сынды қос сәйгүлік қатар шауып келе жатқан заманда екеуін ұштастырып, қатар алып жүрудің маңызы зор екенін тілге тиек етті.

Хас батырдың ерлігі
хан беделімен тең

ҚР ҰҒА академигі Хангелді Әбжанов қазақ қоғамындағы батырлар институты туралы сөз қозғады. Ғалымның айтуынша,



исі қазақтың туын көтерген батырларды зерттеуде олқылықтар бар. Тарихта санаулы ғана батырлардың есімі аталады. Сондықтан болашақта қазақтың әр руынан, әр тайпасынан қанша батыр шыққанын, олардың қандай ерлік көрсеткенін әлі де зерттеу керек. М.Әуезов қазақ батырларын «ұлы батыр», «кіші батыр» деп жіктеген. Бүгінде тарихта нақты зерттелген 3000-дай батырдың тізімі жасалған. Екінші дүниежүзілік соғысқа 11-12 млн адам қатысса, солардың тек 1 пайызына ғана батыр атағы берілген. Ал қазақ даласында қаншама ру-тайпалардың батырлары соғыста ерлік көрсетті. Сондықтан бұл мәселе әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Мәселен, тарихта Райымбек батырдың ағын суды бөгеп, арғы бетке өткені жайлы аңыз бар. Қабанбайдың ерлігі туралы да түрлі аңыздар айтылады. Бірақ ғылыми түрде батырлардың әскери өнерді шебер меңгергені жайлы зерттеулер қажет-ақ.

Тарих ғылымының докторы Берекет Кәрібаев Қабанбай батыр және XVIII ғасырдағы қазақ қоғамы туралы тақырып қозғап, сол замандағы қазақ батырларының соғыс өнерінің, шайқас тактикасының жаппай болғанын ерекше атап айтты. Ғалымның айтуынша, тарихи тұлғаны тану үшін ол өмір сүрген тарихи кезеңді толық зерттеу қажет. Тарихи тұлғаға айналу үшін белгілі бір заңдылықтары болады. Осындай заңдылықтардың бірі – батырлардың халқына адал қызмет етуі. Елі мен жерінің тұтастығы үшін маңдай терін төккен жандарды халық та мәңгі есінде сақтайды. Елімізде соңғы 30 жылда талай тарихи тұлғаның есімі ұлықталып, зерттеліп, тарихымыз тың дүниелермен толығып келеді. Бірақ әлі де есімі анықталмаған тұлғаларымыз көп. Мәселен, қазақтың әр тайпасы кемінде 12 рудан тұрса, солардың әрқайсысынан әйгілі батырлар шыққан. Олардың есімін түгендеу бүгінгі ұрпақтың міндеті. XVIII ғасырды зерттеген Шоқан Уәлиханов өзінің Абылай хан туралы мақаласында

● ҚАБАНБАЙ ЖАЙЛЫ ДЕРЕКТЕР

- Тарихи құжаттардағы деректер бойынша, Қабанбай батыр өмірінде 103 шайқас өткізіп, бірде-бір рет жеңілмеген.
- Қабанбайдың тарихта 5 аты белгілі: Ерасыл, Қабанбай, Ізбасар, Дарабоз, Хан батыр.
- Қабанбайға Қазақстанның түкпір-түкпірінде – Шымкентте, Түркістанда, Шығыс Қазақстанда 15-тей ескерткіш орнатылған. Алдағы уақытта Түркия, Қытайда да орнату жоспарда бар.
- Соңғы жекпе-жекке 78 жасында, қайтыс боларының алдында шыққан.

XVIII ғасырдағы қазақтың халін қасқырдан қашқан қоянға теңейді. Дәл осындай кезеңдерде халық батырлардан үміт күтті. XVI–XVII ғасырларда тек хандардың есімі ұлықталса, XVIII ғасырда батырлардың ерлігі тарихта қалды. Бұған дейін батырлардың ерлігі хандардың көлеңкесінде қалып қоятын. Нақты Қабанбай туралы жазбаша деректер 1735 жылдан бастап кездеседі.

Ерасылдың ерлігі

Қабанбайдың азан шақырып қойған шын аты – Ерасыл. Нар батыр 1692 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Үржар ауданындағы Барлық тауында өмірге келіп, 1770 жылы сонда дүние салған деген дерек бар. Қабанбай Найман ішіндегі Қаракерей руының Байжігіт тармағынан. «Қазақта Найман Қабанбайдан асқан батыр жоқ, Үйсін Төле биден асқан би жоқ» деген сөз қалған. Ер-

асылдың жеті жасында әкесі Қожақұл, он алты жасында ағасы Есенбай жоңғарлар қолынан қаза табады. Тарихи деректерде он алты жастағы бозбала жау арасына жасырын барып, ағасын өлтірген жоңғар батырын өлтіріп, кек алған. Осыдан кейін Зайсандағы Керей ішіне кетіп, жездесі Бердәулеттің қолында болды. Осында жүріп жылқыға шапқан жабайы қабандарды жайратып, «Қабан батыр» атанған деседі. Ал тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымының докторы Ахмет Тоқтыбай: «Қабанбай батырдың атағы ерте шыққан. «Қабан» деген сөз тарихта бас батыр, бас қолбасшы деген ұғымды білдірген. Бұлай деп оны кезінде қалмақтар атаған екен. Ерен ерлігін, жаужүрек батырлығын мойындағаннан осылай деп атап, құрметтеген.

Тарихта әр батырдың өз орны болған. «Батырдың да маршал, генерал, сержант тәрізді иендері бар. Онбасы, жүзбасы, түменбасы деген сияқты. Осыны ажыратып үйренуіміз керек. Қазақ тарихындағы батырларымыздың өмірі мен қызметін зерттегенде осындай мәселелерге сақ болуымыз керек. Барлығын бірдей ұлы қолбасшы деп дәріптеуге де болмайды. Қабанбай батырдың тұлғасы арқылы бүгінде біз ұлттық-елдік патриотизмді жастар арасында кеңінен насихаттауымыз керек», – дейді ол.

Ғылыми зерттеулерде Қабанбай батырдың жерленген жері туралы бірнеше нұсқалар бар. Біреулер оны Астанада 30 шақырым жерде, енді біреулер Қызылорданың тұсында жерленген дейді. Тіпті, оның бейіті Қытайда дейтіндер де табылады. Ал батырдың сегізінші ұрпағы Ұлықпан Сыдықовтың айтуынша, батыр Шығыс өңірінде жерленген. «Мен Қабанбай батырдың тікелей ұрпағымын, сегізінші буын өкілімін. Біздің атабабамыздан, ауыздан-ауызға тараған дерек бойынша батырдың жатқан жері Шығыста, Алакөлдің жоғарғы жағасы, Жоңғар қақпасының сол жағында. Әрбір қазақтың жүрегінде өз ұлтына деген сүйіспеншілік болуы керек. Ұрпаққа үлгі, өнеге болатын, алдыға сүйрейтін тұлғалар керек. Осындай тұлғалардың бірі – Қабанбай бабамыз. Ендеше, бұл кісіні дәріптеуден қазақ халқы ұтылмайды», – деді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ұлықпан Сыдықов.

Қаракерей Қабанбай батыр ғасырдан-ғасырға жалғасатын, қазақ тарихынан ойып тұрып орын алған айтулы тұлға. Бірақ біздің қоғамда әлі де хас батыр туралы, оның ерлігі жайлы білмейтін жастар бар. Бұл туралы филология ғылымының докторы, ғалым Кенжехан Матыжанов айтты. Оның айтуынша, мектеп оқулықтарында батырлар туралы деректер өте аз. Болашақта осы олқылықтардың орнын толтыру – міндетіміз. Конференцияға қатысқан Темір Спатаев, Қанат Ислам секілді қазақтың батыр ұлдары Қабанбай бабамыздың ізін жалғастыруға ер қазақ атсалысуы керек екенін айтты. Өйткені, Қабанбай бір рудың ғана емес, күллі қазақтың батыры.

рухын көтеріп, туған жер үшін күш-жігерін аямай еңбек етуге ынталандырады, сондай-ақ ұлы тұлғаның елді қорғауға арнаған өнегелі өмірі жастарға үлкен әсер беретіні сөзсіз.

Әрине, әскери кафедраның Қабанбай батыр есімімен аталуы университет үшін үлкен жауапкершілік. Осы бағытта жоғары оқу орны ұжымы белсенді жұмыс атқаруда. Атап айтқанда, 2021 жылы Қабанбай батырдың 329 жылдығына арналған алғашқы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді. 2022 жылы университеттің әскери кафедрасы орналасқан ғимаратта «Қабанбай батыр» мұражайы ашылды, оның басты мақсаты – қазақ халқының батырлар институтын насихаттау және дәріптеу.

Ағымдағы жылдың 14 қазанында университет басшылығының тікелей қолдауымен қолбасшы Қаракерей Қабанбай батырдың 330 жылдық мерейтойына арналған екінші ғылыми-практикалық конференция өткізді. Конференция жұмысына республикамыздың танымал ғалымдары, оқытушылар мен мектеп мұғалімдері, студенттер қатысты.

Осының барлығы – дарынды тұлға, күрескер, намысты да қайратты, халқының азаттығына сүбелі үлес қосқан ұлы батыр Қабанбай есімін ұлықтау арқылы С.Аманжолов атындағы ШҚУ патриотизмді насихаттауға, әсіресе жастар арасында, елдік және отаншылдық санамызды қалыптастыруға, сонымен бірге өткен тарихымызға деген құрметімізді арттыруға қосқан үлесі баршаға үлгі болар ес деп санаймыз.

ҚАБАНБАЙ БАТЫРДЫҢ ЕСІМІ БЕРІЛДІ

Қаракерей Қабанбай батыр есімі ғасырдан-ғасырға жалғасар, қазақ тарихындағы айтулы да тұғырлы тұлғалардың бірі де, бірегейі екені сөзсіз. Ел тәуелсіздігі үшін, азаттық үшін күрескен батырлардың ерлігін насихаттау – ұрпақ парызы.

С.Аманжолов атындағы ШҚУ тарихында әскери кафедра бұрын-соңды болмаған. 2018 жылы университет басшылығына Төлеген Мұхтар Әділбекұлы тағайындалды. Бір жылдың ішінде оның бастамасымен әскери кафедра ашу мәселесі оң шешімін тапты. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрінің 2019 жылғы 11 мамырындағы №3228 бұйрығымен әскери кафедра ашылды.

Қазіргі таңда осы әскери кафедраны бітірген студенттер жоғары оқу орны дипломымен қатар запастағы офицер куәлігін алады. Олар Қорғаныс министрлігінде, түрлі әскери бөлімдерде, әскери полицияда және басқа да мекемелерде жұмыс істейді.

2019 жылы университет әскери кафедрасына «Қабанбай батыр» есімі берілді. Бұл еліміздегі ұлы батыр есімімен аталған жалғыз әскери кафедра. Мұнда да ректордың рөлі жоғары болды, ол кафедра жұмысы мен оның қызметін бар қажетті материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етуге ерекше назар бөлуде. Университетте сапалы білім берумен қатар, болашақ Отан қорғаушылар-



ды да дайындау бойынша тәрбиелік жағынан аса маңызды жұмыс атқарылады. Айта кетерлік жайт, кафедра курсанттары Өскемен

қаласындағы Қабанбай батыр ескерткішінің жанында әскери ант қабылдайды. Бұл дәстүр болашақ Отан қорғаушылардың патриоттық

МЕРЕЙ

ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫНЫҢ АНАСЫ



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

«Балалардың жүрегіне ертегі, жылулық, қуаныш сыйлайтын театрды есепсіз, ессіз сүйетін асыл жанға құрметім шексіз. Өнер жолы ұққанға қиын. Қасиетті сахнада талмай еңбек етіп, 50 жыл ғұмырын арнаған Сәбиланың еңбегі біздің есімізде де, жастардың есінде де мәңгі сақталады. Осы ретте Қазақстанның 60-тан астам театрының, әріптестеріміздің атынан 75 жасқа келген



мерейтойыңызбен құттықтаймын! Қазақстан Театр қайраткерлерінің одағы былтырдан бері әр театрдағы бір өнерпазға қазақ өнеріне еңбек сіңіргені үшін «Дара» деген төсбелгіні шығарған еді. Сол төсбелгінің бір данасын Сәбилаға табыстауды жөн көрдік», – дейді актер, Қазақстан Театр қайраткерлері одағының төрағасы Тұңғышбай әл-Тарази.

Сәбила Абуева саликалы сахна майталмандарының шеберлігінен өтіп, өмір тәжірибесін жинақтап, маңдай терін тамыры терең театрға төгіп келе жатқан ардагер артист. Қуыршақ театры сахнасының патшайымына айналып, 75-ші бекетіне келсе де, бойындағы қуаты мен шабыты сарқылмаған актрисаның сахнада жүргеніне биыл 55 жыл.

Сәбила Абуева 1947 жылы тамыз айының 9-шы жұлдызында Атырау облысында дүниеге келген. Алғашқы еңбек жолын 1967 жылы Махамбет Өтемісұлы атындағы қазақ драма театрында бастап, театр сахнасында үлкенді-кішілі рөлдерді ойнады.

«Қуыршақ театрының бүгінде аяқ алысы өте жақсы. Соңғы екі жылда 14 фестивальге қатысты, оның 12-сі шет мемлекеттер мен басқа қалаларда өтті. Бұл дегеніміз, үлкен жетістік деп білемін. Театрдың шет мемлекетке кеңінен таныла бастауы бұл аға буын сіздердің арқаларыңыз деп білемін. Сәбила апайымыздың тәрбиелеген, тәлім берген шәкірттері бүгінде өнерімен көптің көңілінен шығып жүр. Бенифис барысында көзімізге жас та келді, қуанып, ән айтып, билеп те алдық. Шәкірттеріңіз ана деп сізді қадірлеп жатыр. Бұл дегеніміз, үлкен бақыт. Сізге зор денсаулық, сарқылмас

Еліміздің мәдениеті мен өнерінің дамуы жолында толассыз еңбек етіп, ұлт руханиятының қанат жаюына септігін тигізіп жүрген талантты жандар аз емес. Тамырлы тарихы 1935 жылдан бастау алған Алматы қаласының Мемлекеттік қуыршақ театрында жарты ғасырдан астам уақыт қажырлы қызмет етіп келе жатқан қазақ қуыршақ өнерінің анасы, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген артисі, «Сахнагер-2018» Ұлттық театр сыйлығының «Сахналық ғұмыр» номинациясының иегері Сәбила Абуеваның мерейтойлық бенефисі өтті. Балғын балдырғандардың сүйікті актрисасы атанған апайымыздың мерейлі мерейтойы балар жылымен қатарласа келіпті.



бақыт тілеймін», – дейді Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев.

1969 жылдан Мемлекеттік қуыршақ театрында өзінің өнер жолын асқан белсенділікпен бастаған дарын иесі бүгінде өзіндік сара жолын қалыптастырған шебер тұлғалардың бірі. Жарты ғасырдан астам киелі сахнада үздіксіз еңбек еткен театр ардагері балаларға арналған 200-ден астам әртүрлі жанрдағы рөлдерді сомдап келеді. Актрисаның әрбір кейіпкері кәсібилігімен, шынайылығымен ерекшеленіп, театр репертуарындағы спектакльдерді көркейтуде сүбелі үлес қосуда. Бүгінде өзінің ізін басып келе жатқан жастар үшін ол «өнердегі ұстазы» атанып та үлгерді.

Сахнадағы елу бес жылдық еңбек жолында қуыршақ театрының белді режиссерлары, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Павел Поторока, ҚазССР халық артисі Әзірбайжан

Мәмбетов, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Құралай Ешмұратова, Қазақстанның халық артисі Сұлтанғали Шүкіров, ҚР мәдениет қайраткері Серік Мақұлбеков, т.б. өнер иелерімен замандас бола жүріп, өмірлік сахналық мектептен өтті.

Көптеген халықаралық, республикалық фестивальдердің лауреаты. Ұлттық қуыршақ театр өнерін дамыту жолындағы толассыз еңбегі үшін талай рет Құрмет грамотасы, әртүрлі Алғыс хаттармен марапатталып келеді. Осы жылдар ішінде еліміздің барлық облыстарында, сондай-ақ, Вьетнам, Кампучия, Өзбекстанның Ташкент, Бұқара, Самарқанд, Түркіменстанның Хиуа, Науаи, Қытайдың Пекин, Гуанчжоу,



Түркияның Бурса, Измир, Ресейдің

Мәскеу, Курган, Қырғызстанның Ош, Бішкек, Жапонияның Иида, т.б. қалаларында өткен халықаралық қуыршақ фестивальдеріне қатысып, қазақ өнеріне өлшеусіз үлесін қосып келеді. Көптеген қуыршақ фестивальдерінде қазылар алқасының тұрақты мүшесі болды.

Сәбила Абуева тек театр саласында ғана емес, экран өнерінің дамуына да үлес қосуда. Мәселен, режиссер Болат Шәріповтің «Кінәратсыз күн», Гүлшат Омарованың «Бақсы», Н.Игіліктің «Жанында жүр жақсы адам», Сәбит Құрманбековтің «Ауыл сақшысы», Ринат Қосайдың «Кенесшілер», Ақан Сатаевтың «Анаға апарар жол», Нұртас Адамбаевтың «Келинка Сабина-2», Гүлбаршын Абуеваның «Іңкәр жүрек», Э.Әбдіжаппаровтың «Арман қала» фильмдеріне түсті.

Қуыршақ театры ешқашан қартаймайтын, мәңгі жас өнер ордасы екенін, кішкентай көрермендердің шат-шадыман, ақжарма күлкісі театрға мәңгілік жас ғұмыр сыйлайтынын білетін театрымыздың ардагер актрисасы Сәбила Абуеваның 87 жылдық театр тарихында сіңірген еңбегі орасан зор.

Мерейтой аясында «Сахна саңлағы Сәбила Абуева» кітабының тұсауы кесілді. Кітапта танымал тұлғалардың, отандық телевизия өкілдерінің өнер иесі жайындағы толғау-тұжырымдары жинақталған. Жинақ театр өнері, оның ішінде қуыршақ театры өнерінің даму жолына қызығушылық танытқан оқырманға арналған. Кітапты өнертану ғылымының магистрі, докторант, Алматы Мемлекеттік қуыршақ театрының Әкімшілік және ақпарат бөлімінің меңгерушісі Гүлім Көпбайқызы құрастырып, көпшілікке ұсынды.

ОПЕРА

Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрында Дж.Пуччинидің «Мадам Баттерфляй» 3 бөлімді операсы жаңартылған қойылыммен сахналанып жатыр.



Досбол
АТАЖАН

Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрында «Мадам Баттерфляй» операсының жаңартылып сахналануына орай баспасөз конференциясы өтті. Жиынға Абай атындағы ҚазҰОБТ директоры Нұрбақыт Бекебаев, қоюшы-режиссер Наталья Кагадий, қоюшы-дирижер және Абай атындағы ҚазҰОБТ бас дирижері Ерболат Ахмедьяров, қоюшы-суретші (сценография) Владимир Пономарев қатысты.

– Біздің Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрында бәріңізге белгілі, әлемдегі ең көп қойылатын спектакльдердің бірі – «Мадам Баттерфляй» операсы алғаш рет 1972 жылы қойылған. Ол кезде режиссері А.Жданов, ал суретші Гүлфайрус Ысмайылова болды. Чио-Чио-санды алғашқы болып біздің опера саласының корифейлері – Күләш

ЖАРТЫҒАСЫРЛЫҚ ҚОЙЫЛЫМҒА ЖАҢА КӨЗҚАРАС



Байсейітова, Роза Жаманова, Рахима Жұбатырова орындаған. Бір ерекшелігі, спектакль алғашқы күннен қазақ тілінде жүрген. Сол жылдардан бері толассыз жүріп жатқан спектакль Қазақстан көрермендерінің көзайымына айналды. Сонша уақыт өткеннен кейін заман талабына сай жаңалап, қойылымға арнайы тоқталдық. Ол үшін сырттан кісі шақырмай, өзіміздің режиссер Наталья Кагадийге тапсырдық, – деді Абай атындағы ҚазҰОБТ директоры Нұрбақыт Бекебаев.

Сондай-ақ, ол театрдың келесі жылға қойған жоспарларын да айтып өтті:

– 2023 жыл Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрына 90 жыл толады. Осыған орай, келесі театр маусымын үлкен фестивальмен ашу жоспарда бар. Мәдениет және спорт министрлігінің жоспары бойынша біз жылына 2-3 жаңа қойылым қоюымыз керек. Сондықтан келесі жылы «Жұмбақ қыз» операсын қазақша сахналау көзделіп отыр. Балеттен «Жизель» қойылымы бар. Қазір техникалық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, заман талабына сай қойылымдар көрсету – біздің алға қойған мақсаттарымыздың бірі. Сонымен қатар, бізде балаларға

арналған балеттер жетіспейді. Сол себепті, «Алдаркөсе» балетімен театрымыздың репертуарын толықтыруды жоспарлап отырмыз, – деді ол.

Спектакль режиссері Н.Кагадий оны жаңарту барысында қандай жұмыстар істелгенін хабарлады.

– Жалпы, таңғажайып Жапония мәдениетін көрсететін опералар көп емес. Сондықтан «Мадам Баттерфляй» қойылымын жаңарту барысында қандай да бір заман жаңашылдығына тым артық берілу дұрыс болмас еді. Біздің қолымызда дәстүрлі киімдері бар дәстүрлі қойылым болды. Ондағы ұлттық ерекшелікті сақтай отырып, спектакльге жаңа көзқараспен қарауға тырыстық. Ол үшін Жапонияның «Кабукки» және «Но» дәстүрлі театрларының элементтерін қолдандық. Нақты айтқанда, киім үлгісін жасауда осы театрлардың тәжірибесіне сүйендік. Сонымен қатар, «Но» театры өз қойылымдарында бетперде киюмен ерекшеленеді. Біз де эпизодтардың бірінде жапон бетперделерін қолдандық. Қозғалыс (пластика) туралы да айтпай өтуге болмайды. Жапон әртістері мен еуропа әртістерінің сахна қозғалысы бір-бірінен ерекшеленеді. Біздің өнерпаздардың қозғалысы олардан бөлек. Сондықтан сахна тілі, сахна қозғалысына осы қойылымда аса мән бердік, – деді қоюшы-режиссер Наталья Кагадий.

Суретті түсірген Елена ПЕТРОВА.



		356		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қаржы басқармасы	529 821,0
			001	Жергілікті бюджетті жоспарлау, атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	464 705,0
			003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	65 116,0
		510		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экономика басқармасы	403 638,0
			001	Жергілікті деңгейде экономикалық саясат саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	401 813,0
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 825,0
		369		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың дін істері басқармасы	981 297,0
			001	Жергілікті деңгейде дін қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	778 131,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6 516,0
			005	Өнірде діни ахуалды зерделеу және талдау	196 650,0
02				Қорғаныс	14 492 850,0
		121		Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	2 196 089,0
			010	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	131 355,0
			011	Аумақтық қорғанысты даярлау және республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумақтық қорғаныс	2 064 734,0
		121		Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	4 689 632,0
			014	Республикалық маңызы бар қалалар, астана ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын-алу және оларды жою	4 689 632,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	52 800,0
			030	Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар объектілерін дамыту	52 800,0
			387	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы органдардың аумақтық органы	7 554 329,0
			003	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің күрделі шығыстары	2 738 870,0
			004	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың азаматтық қорғаныс іс-шаралары	4 815 459,0
03				Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	29 712 550,0
		352		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	25 721 241,0
			001	Республикалық маңызы бар қала, астана аумағында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер қамтамасыз ету	23 050 369,0
			003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	18 000,0
			007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 652 872,0
		317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобилділік басқармасы	3 991 309,0
			004	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	3 991 309,0
04				Білім беру	416 378 196,0
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	50 516 957,0
			034	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	50 516 957,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	3 772 376,0
			006	Алматы қаласында мектепке дейінгі ұйымдарды сейсмикалық күшейту	747 632,0
			037	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау	3 024 744,0
		323		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы	5 795 003,0
			006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	4 876 179,0
			007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	918 824,0
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	230 974 279,0
			003	Жалпы білім беру	123 262 533,0
			004	Арнаулы білім беру бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	7 734 481,0
			005	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	2 045 274,0
			008	Балаларға қосымша білім беру	6 947 848,0
			019	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру	56 000,0
			040	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға	90 928 143,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	73 159 211,0
			027	Алматы қаласында орта білім беру объектілерін сейсмикалық күшейту	8 910 163,0
			028	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	6 293 061,0
			069	Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	3 866 701,0
		205		«Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу	54 089 286,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	1 463 537,0
			043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	1 003 350,0
			044	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқитындарға әлеуметтік қолдау көрсету	460 187,0
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	29 544 401,0
			018	Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру	40 557,0
			024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	29 503 844,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	1 658 689,0
			046	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	1 658 689,0
		121		Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	5 029,0
			019	Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту	5 029,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	1 969 267,0
			003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	1 969 267,0
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	5 553 481,0
			038	Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау	5 553 481,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	731 348,0
			057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	731 348,0
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	20 773,0
			057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	20 773,0
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	11 213 845,0
			001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	370 314,0
			006	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру ұйымдарында білім беру жүйесін ақпараттандыру	866 506,0
			007	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру мекемелері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	3 263 457,0
			009	Республикалық маңызы бар қала, астана ауқымындағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	827 120,0
			013	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	1 132 894,0
			014	Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оналту және әлеуметтік бейімдеу	250 335,0
			021	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	414 000,0
			027	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	7 763,0

			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	4 081 456,0
05				Денсаулық сақтау	26 973 914,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	8 490 143,0
			006	Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	392 504,0
			007	Салауатты өмір салтын насихаттау	25 571,0
			017	Қаржы лизингті шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу	1 236 868,0
			041	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету	6 835 200,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	1 630 576,0
			009	Алматы қаласында денсаулық сақтау объектілерін сейсмикалық күшейту	28 215,0
			038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	1 602 361,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	2 995 865,0
			027	Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	2 995 865,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	1 145 133,0
			039	Денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық көмегін қамтитын қосымша медициналық көмектің көлемін көрсету, Call-орталықтардың қызметтер көрсетуі және өзге де шығыстар	1 145 133,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	179 108,0
			029	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың арнайы медициналық жабдықтау базалары	179 108,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	12 533 089,0
			001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	762 169,0
			008	Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	99 597,0
			016	Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	9 175,0
			018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	141 019,0
			033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	10 860 121,0
			051	COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу жөніндегі іс-шараларды іске асыру жөніндегі қызметтер	661 008,0
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	54 317 584,0
		355		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	11 401 397,0
			006	Мемлекеттік атауды әлеуметтік көмек	3 137 026,0
			014	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	2 272 719,0
			020	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектігі бар адамдар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	3 494 471,0
			021	Оналту орталықтарында қарттарға, мүгедектігі бар адамдарға, оның ішінде мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	769 515,0
			022	Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедектігі бар балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1 727 062,0
			057	Атауды мемлекеттік әлеуметтік көмек алушылар болып табылатын жеке тұлғаларды телевизиялық абоненттік жалғамалармен қамтамасыз ету	604,0
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	1 396 504,0
			016	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	1 090 736,0
			037	Әлеуметтік сауықтандыру	305 768,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	175 436,0
			039	Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау	175 436,0
			123	Қаладағы аудан әкімінің аппараты	1 270 639,0
			003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	1 270 639,0
		317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобилділік басқармасы	4 000 000,0
			017	Жергілікті өкілдік органдардың шешімі бойынша қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен, тегін жол жүру түрінде азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қолдау	4 000 000,0
		355		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	28 606 196,0
			003	Жұмыспен қамту бағдарламасы	15 518 788,0
			007	Тұрғын үйге көмек көрсету	76 090,0
			008	Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек	2 699 071,0
			009	Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау	4 271 208,0
			015	Оналтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектігі бар адамдарды міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектігі бар адамдарға қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну	4 361 845,0
			016	Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу	644 757,0
			018	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	473 935,0
			030	Жұмыспен қамту орталықтарын қамтамасыз ету	560 502,0
		325		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы	44 660,0
